



«Qalalyq jas tyrister stansasy» МКҚК



«ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫ» МКҚК ГККП «ГОРОДСКАЯ СТАНЦИЯ ЮНЫХ ТУРИСТОВ»



«Балалар және жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту бағыттары бойынша қалалық жас туристер стансасының қызметі» атты Ақтөбе қаласының «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК жұмыс тәжірибесін жалпылау бойынша материалдарының
ЖИНАҒЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨНДІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

**«Балалар және жасөспірімдер туризмі мен өлкетануды дамыту
бағыттары бойынша қалалық жас туристер стансасының қызметі» атты
Ақтөбе қаласының «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК жұмыс
тәжірибесін жалпылау бойынша материалдарының жинағына
ПІКІР**

Қалалық жас туристер стансасы тәжірибені жинақтауға арналған материалдар жинағында оқушылардың танымдық және практикалық белсенділігін арттыру бойынша өз тәжірибесін сипаттайды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, экологиялық, физикалық, рухани-адамгершілік тәрбие дағдыларын дамыту бойынша практикалық кеңестер береді. Қалалық жас туристер стансасы туристік – экологиялық - өлкетану бағыттарының белсенділігін арттырады, оқушылардың зияткерлік, рухани-физикалық дамуына, өз өлкесінің тарихын, мәдениетін, экологиясын үйрете отырып, өзіндік іс-әрекет дағдыларын игеруге ықпал етеді. Бұл бағыт «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іске асырылады, негізгі мақсаты патриоттық тәрбие беру, азаматтық және рухани жауапкершілік жүйесін дамыту, өз Отанын танып білуді үйрету. Сонымен қатар оқушылар экскурсияларға, ғылыми жоба зерттеуге, әр түрлі жарыстарға, конкурстарға, слёттарға, конференцияларға және фестивальдарға қатыстырылады.

Жұмыстың өзектілігі - туған өлкенің тарихы мен мәдениетін, оның экологиясын зерттейтін балалардың белсенді туризмі - балалар мен жасөспірімдер туризмінің ең ауқымды және қол жетімді түрі.

Педагогикалық жаңа тұрғыдан жаңалығы, тәжірибені жалпылауда «туристік дайындық негіздері», «топография және бағдарлау», «өлкетану», «гигиена негіздері және дәрігерге дейінгі алғашқы көмек» («туристік түйіндерді байлау техникасы», «туристік-бақылау маршрутын оқыту техникасы») тақырыптары қамтылды. Оқушылар Қалалық жас туристер стансасының ұйымдастыруымен өтетін жарыстарға, жорықтарға, экспедицияларға қатысып, лагерьлерде демалып тәжірибе жинақтай алады.

Қорытындыда педагогикалық практикада алынған нәтижелерді пайдалану бойынша сапалық және сандық ұсынымдар тұжырымдалады.

Қосымшаға қызмет мониторингі, терминдер сөздігі, әдістемелік құралдары, жинақтар, сабақ конспекттері енгізілген.

Пікір жазған:

Қ.Жұбанов ат. АӨУ
география және туризм
кафедра доценті, г.ғ.к.,



Г.Т. Кубесова

МАЗМҰНЫ

- 1. «Қалалық жас туристер стансасы» қызметінің бағыттары және ерекшеліктері**
- 2. Әдістемелік қызметі мен білім үрдісінің құрылымы**
- 3. Туристер стансасының оқыту кеңістігі мен нәтижелігі**
 - 3.1. Спорттық туризм**
 - 3.2. Өлкетану**
 - 3.3. Экскурсия**
 - 3.4. Экология**
- 4. Қосымша білім беру педагогтарының жұмыс тәжірибесін жалпылау**
- 5. Әлеуметтік серіктестік**
- 6. Жетістік - баста назарда**
- 7. «Біз сұлұмыз балдаймыз – Достықты біз таңдаймыз!»**
- 8. Байланыс үшін мәліметтер**



«Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК



Қазақстандық Ұлттық
ЮНЕСКО клубтарының
Федерациясы

ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|--|--|
| Мекеменің атауы | Ақтөбе қаласы Қалалық жас туристер стансасы |
| Мекен-жайы | 090000 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы Батыс – 2 ауданы, 24 Г |
| Телефоны | 90-79-19 Факс: 90-80-32 |
| Электрондық пошта | |
| Web-сайт | Zhastur-aktobe |
| Банк деректері: | БИН 990240001821 БИК HSBKZZKX р/с KZ876010121000182438 (спец) |
| Директор | Бекбергенова Алёна Исламовна |
| Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | Ногаева Бахитжан Какимжановна |
| Әдістемелік бөлім меңгерушісі | Мамбетниязова Жемисгуль Карагуловна |
| Әдіскер | Утарбаева Айнур Бергалиевна |
| Спорттық-туристік бөлімінің әдіскері | Шуренбаев Нурбек Орынбасарович |
| Барлық үйірмелер | 20 үйірме 52 топ |
| 2021-2022 оқу жылы бойынша қамтылған оқушылар саны | 720 |

НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТТАРМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (19-бап);
2. «Қазақстан Республикасында баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы (19-бап);
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (№ 1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптар);
4. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары
5. Әдістемелік-нұсқаулық хаттар-2019
6. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ Заңы;
 - а. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдегі № 591 (12-бап) Заңы;
 - б. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсаннан №1400 қаулысы (6-бап);
7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы (Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары тараудың 29-бабы);
 - а. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы;
 - б. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 қаулысы;
 - с. «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы, сондай-ақ ҚР басқа да нормативтік және құқықтық актілері;
 - д. «Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту жөніндегі 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері ҚР БЖҒМ 10.02.2015 ж. № 60 бұйрығы;
 - е. «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 28.01.2016 ж. № 95 бұйрығы;

f. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды, және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 27.01.2016 г. № 83 бұйрығы;

g. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 13.07.2009 ж. № 338 бұйрығы.

«Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК-ның қосымша білім беру және тәрбиеленушілердің қабылдау ережесі

«Қалалық жас туристер стансасының» МКҚК-ның (әрі қарай ҚЖТС) қосымша білім беру және тәрбиеленушілердің қабылдау ережесі (әрі қарай Ереже) ҚР БЖҒМ-нің 2013 жылғы 14 маусымында бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беруді ұйымдастырудың Типтік ережелерін бекіту туралы» № 228 бұйрығы, ҚЖТС Жарғысына сай бекітілді.

1. ҚЖТС-ның негізгі қызметі – білім саласында оқушылардың білім бағдарламасын игеруге, жеке тұлғаның шығармашылық және рухани дамуына, адамгершілік негіздерін және салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оқушылардың техникалық шығармашылыққа, жаңашылдыққа және зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыра отырып өндірістік-шаруашылық әрекеттерін жасау.

2. ҚЖТС-нда білім беру, тәрбие үдерісіне қатысушылар балалар, педагогтар және ата-аналар (заңды қамқоршылары) болып табылады.

3. Оқу жылы басталар алдында қыркүйек айының бірінен бастап он төртінше дейін білім беру ұйымдарында, ҚЖТС сайты арқылы, БАҚ арқылы насихаттау жұмыстары жүргізіледі. ҚЖТСның мекен-жайы, ақпарат алу жолдары хабарланады. Оқу жылы 15 қыркүйектен басталады.

4. Балаларды қабылдау кезде балалар және ата-аналар (заңды қамқоршылары) ҚЖТС Жарғысымен, басқа да білім беру үдерісін реттейтін құжаттармен таныстырылады.

5. Балалар және ата-аналар (заңды қамқоршылары) насихаттау парақтарында көрсетілген телефон арқылы немесе ҚЖТСна келіп кезекші педагогтардан үйірмелер туралы барлық ақпаратты, қажетті кеңестерді ала алады.

6. Қатысатын үйірмені балалар ерікті түрде өздері таңдайды.

7. Үйірмелерге 10-17 жастағы балалар қабылданады.

8. Сабақтар қосымша білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес топпен. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы балалар саны 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары 8-ден 12-ге дейін.

9. Үйірмеге жазылу үшін қажетті құжаттар: ата-ананың (заңды қамқоршыларының) өтініші, No027 формадағы медициналық анықтама (жергілікті емханадан алынады), баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі.

Осы құжаттар толық тапсырылғанда бала үйірмеге қабылданған болып есептеледі.

10. Үйірмелер тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, бос уақытын, педагогтардың жүктемесін ескеріле отырып жасақталады.

11. Қосымша білім берумен қамту үшін және білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне қарай үйірмелер жекелеген білім беру ұйымдарында ұйымдастырылады. Бұл жағдайда білім беру ұйымы мен ҚЖТС арасында екіжақты келісімшарт жасалынады.

12. Сабақ кестесін құруда оқушылардың күн тәртібі, ата-аналардың тілектері, үйірме өткізілетін орындардың санитарлық-гигиеналық жағдайлары, педагогтардың жұмыс режимі ескеріледі.

13. Ата-аналар (занды қамқоршылар) оқу-тәрбие жұмысына қатысуға, баланың үйірмеге тұрақты қатысуын қадағалауға міндетті.

15. Туындаған сұрақтар ҚЖТС әкімшілігімен келісе отырып шешіледі.

ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Қалалық жас туристер стансасы 1971 жылдың қараша айында құрылды. 800 шаршы м көлеміндегі ғимаратында орналасқан балалардың экскурсиялық-туристік базасы (сол кездегі атауы), туристер стансасы болар алдында № 5 мектепке дейінгі балалар үйі болған және ХІХ ғасырдың аяғында салынып Жанқожа батыр, 62 көшесінде орналасқан. 2005 жылға дейін туристер стансасы облыстық балалар экскурсиялық-туристік базасы болып саналды, ал 2005 жылдан бастап Ақтөбе қаласының білім бөлімінің жанындағы «Қалалық жас туристер стансасы» мемлекеттік қомуналдық қазыналық кәсіпорны статусын алды. «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК Батыс – 2 ауданы, 24 Г үй мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан. Жалпы ауданы 607,4 шаршы м, үш оқу кабинеті және бір әкімшілік кабинеттен тұрады. Қалған үйірмелер өтеусіз пайдалану шартымен және қызметтестік шартпен қала мектептерінде жұмыс жасайды.

Ақтөбе қаласының жас туристер стансасы балалар және жасөспірімдер туризміне арналған бірден бір білім беру орталығы. Қалалық жас туристер стансасы 2019 жылы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясына мүше болып, «Қазақстандық ЮНЕСКО клубының мүшесі» мәртебесіне ие болды. Бұл клубтың негізгі бағыттарына мәдени іс-шараларды өткізу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени мұраны қорғау, дәстүрлі өнерді сақтау және тағы басқа республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік, экологиялық іс-шараларды ұйымдастыру жатады. Осы тұрғыда қалалық жас туристер стансасы жоспарға сәйкес қалалық, облыстық, республикалық деңгейде туристік-өлкетану-экология бағытында іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

Стансаның миссиясы: Қалалық жас туристер стансасы қала және облысымыздың балалар және жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология бағытын дамыту мен насихаттау жұмыстарын жүргізетін жалғыз мектептен тыс

білім беру мекемесі болып, балаларға бос уақытын тиімді және пайдалы қолдануына, салауатты өмір салтына, туған өлкесінің тарихы мен мәдениетіне, біздің облысымызда мекендейтін халықтардың салт-дәстүрлеріне қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге мүмкіншілік береді. Стансаның оқу-тәрбие процесі үш бағытта атқарылады: спорттық-туристік, туристік-өлкетану, туристік -экологиялық бағыттары бойынша. Жылда қаланың 700 астам балалары қалалық жас туристер стансасының білім беру қызметін тегін алады. Сонымен қатар, туристер стансаның негізгі міндеттерінің бірі, жасөспірімдерді, жастарды және ересек адамдарды туристік-өлкетану қызметі арқылы спортқа баулу болып табылады.

Стансаның жетістіктері:

Музейде өткізілген түрлі шараларға қолдау білдіріп, атсалысқаны үшін Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлованың мемориалды музейінің атынан алғыс хат, 2018ж.

«Арайлы Ақтөбе – туған өлкем!» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының өз деңгейінде өтуіне қосқан үлесі үшін Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті атынан алғыс хат, 2019ж.

Білім саласының дамуы мен өркендету жолындағы қызметі үшін Облыс әкімінің орынбасары атынан алғыс хат, 2019 жыл.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік-экспедициялық жасақтары слётінің облыстық кезеңінде төрешілік еткені үшін «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы атынан алғыс хат, 2018 жыл.

Мұғалімдер күніне орай «Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің атынан Құрмет грамотасы, 2019 жыл.

Алғыс айту күніне орай Ақтөбе қаласының білім бөлімі атынан Алғыс хат, 2019 жыл.

Жас геологтардың олимпиадасын ұйымдастыруға жәрдемдескені үшін Қазақстан Республикасы индустрия және жер қойнауын пайдалану комитеті атынан Алғыс хат, 2019 ж.

«Степной аккорд» авторлық әндердің VII Халықаралақ фестивалінен Алғыс хат, 2019 ж.

Кеңес Одағының Батыры Ә.Модалұлованың мемориалды музейі атынан Алғыс хат, 2020 ж.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі атынан Алғыс хат, 2020 ж.

«Zhubanov University – 2021» «Кәсіптік практиканың үздік базасы - Creating the future» конкурсының жеңімпазы, III дәрежелі диплом, 2021 ж.

«Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы атынан Алғыс хат, 2021 ж.

«Халықаралық тәрбиешілер мен зияткерлік балалар ғылымдар академиясы» қоғамдық қоры атынан алғыс хат, 2022 ж.

Адамның мәдениетін қалыптастыруының бір шарты – баланы кішкентай кезінен өз өлкесін сүйе білуіне, өз халқының салт-дәстүрлерін, тарихын қадірлей білуіне, салауатты өмір салтына қызығушылыққа тәрбиелеу. Жасөспірімдер үшін бұл бағыттарда Ақтөбе қаласының қалалық жас туристер стансасы қызмет

атқарады. ҚЖТС мемлекеттік қосымша білім беретін мекеме, бұл мекемеде 10 жастан 18 жасқа дейін балалар өз көңіліне сай іс таба алады. Осы қойылған проблеманы толық іске асыру үшін қалалық жас туристер стансасының ұжымы келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- тәрбие беру - үйірме қызметін ұйымдастыру;
- қаланың жалпы білім беретін мектептері және басқа оқу мекемелерімен бірігіп жұмыс атқару;
- халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық жарыстар мен шараларға қатысу;
- Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысы бойынша мәдени-танымдық экскурсияларды ұйымдастырып жүргізу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның басқа да орта, техникалық, кәсіби және жоғары оқу орындарында «Өлкетану» пәнін дербес міндетті оқу курстары сияқты тең қатарлы өткізуді ұсынды, сондықтан оны орындау мақсатында туризм және өлкетану оқу орны болғандықтан, сонымен қатар Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында Қалалық жас туристер стансасы (ҚЖТС), Ақтөбе қаласы және облысында балалар-жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология сұрақтары бойынша үлкен жұмыс атқарып келеді. Білім және тәрбие беру барысында ҚЖТС үш негізгі бағыттары бойынша қызметін атқарып, тәрбиенің барлық түрін көздейді:

- патриоттық, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі, экологиялық тәрбие беру;
- оқушылардың ой-өрісін мейлінше арттыру;
- танымдық белсенділіктерін дамыту;
- оқушылардың денесін шынықтыру;
- бос уақыттарын тиімді өткізуге көмектесу;
- оқушылардың еркін және адамгершілік, ұжымшылдық қасиеттерін тәрбиелеу;
- өмір және еңбек қызметіне дербес ынталарын жетілдіру.

Стансада оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін балалардың туристік-өлкетану жұмысына қатысуы арқылы олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруын қамтамасыз ететін, мұражай пәндерін сипаттау және зерттеу, экспозицияларды құру, экскурсияларды және туристік – экологиялық – өлкетану шараларын өткізу, ондағы қатысушылар тек зерттеу қызметінің азын ғана біліп қоймай: олар виртуалды турларда компьютерлік бағдарламаларды құруды, зерттеу тақырыптарын таңдау және құрастыруды, тақырыптың талдауын өндіру, шығу көздерін жинап және іздеумен айналысып қана қоймай сонымен қатар салауатты өмір салтының негізін алуға жағдайлар жасалған.

Туризм, өлкетану және экология бағытында оқушыларға практикалық білім беру мектеп базасында, сондай-ақ Қалалық жас туристер стансасында жүзеге асырылады. № 8, 60 және Назарбаев зияткерлік мектебі базасында оқушылар шыңға өрмелеу сабақтарын және туристік көпсайыстар негізін жалғастырады.



«Qalalyq jas turister stansasy» MNOK



unesco

Қазақстандық Ұлттық
ЮНЕСКО клубтарының
Федерациясы



Қалалық жас туристер стансасы 2019 жылы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясына мүше болып, «Қазақстандық ЮНЕСКО клубының мүшесі» мәртебесіне ие болды



Стансаның мақсаты мен міндеттері

Педагогикалық тақырып

- Ақтөбе қаласының балалар мен жасөспірімдері арасында педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі арқылы балалар және жасөспірімдер туризмінің, өлкетану мен экология белсенділігін арттыру, үйірмешілердің танымдық қызығушылығын, салауатты өмір салтына деген талпынысын қалыптастыру.

▶ **Мақсаттары:**

- оқу – тәрбие беру қызметін атқару;
- қаланың жалпы білім беретін мектептерімен және басқа оқу мекемелерімен, ұйымдармен бірігіп, жұмыс атқару;
- Халықаралық, республикалық, облыстық жарыстар мен шараларға қатысу;
- Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысы бойынша мәдени – танымдық экскурсияларды, жорықтарды, экспедицияларды ұйымдастырып жүргізу;
- туристік - экология - өлкетану бағытында бұқаралық іс – шараларды ұйымдастыру, өткізу.
- дарынды, талантты баланың шығармашылыққа қажеттілігін қанағаттандыру;
- оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- кәсіби бағдар беру.



Мектеп базаларында және стансада туристік – экологиялық – өлкетану қызметін ұйымдастыру, бұқаралық балалар – жасөспірімдер туризмін дамыту;

Туған өлкені тәжірибелік тануы, қоршаған ортамен, тарихи және мәдени ескерткіштерімен танысуы арқылы мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру;

Туристік – өлкетану қызметі шартында жеке тұлғаның үйлесімді кешенді тәрбиеленуі;

Табиғатпен етене араласу, еркіндік және адамгершілік тәрбиесі арқылы өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына баулу;

Оқушылардың белсенді демалысын ұйымдастыру, экологиялық мәдениетін құрамдастыру. экскурсиялық қызметін белсендіру.



Әдістемелік қызметі мен білім үрдісінің құрылымы

- Қосымша білім берудің мақсаттылығы. Мұнда педагогтың үйірме сабақтары тақырыптың мақсат-міндеттерін айқын қарастыруы көзделеді.
- Қосымша білім берудің мазмұны. Жас ұрпақты ғылымның жетістіктерін меңгеруді, білімдерін дамытуды міндеттейді.
- Қосымша білім берудің формалары мен тәсілдері. Білім беру мазмұнын қандай амал-тәсілдермен, нақтылы практикалық жолдармен меңгеруді баяндайды.
- Қосымша білім берудің нәтижесін талдау және бағалау. Педагогтің және тәрбиеленушінің білім алу әрекетінің құрылымын бірлесе отыра сараптама жұмыстарын жүргізуі, оқушылардың оқу әрекетінің сапасына көзқарасын білдіріп, бағалап және білім деңгейін тексеріп отыруы. Тәрбиеленушілердің өзін-өзі қадағалап, тексеріп отыруы.

Тәрбиеленушілердің қосымша білім беру мазмұнын меңгеруі белгілі бір дидактикалық кезеңдерден тұрады:

1. Тәрбиеленушілерге берілетін білім мақсаты мен қажетін түсіндіру және оларды әрекетке бағыттайтын мотивтерді туғызу. Осыған орай оқу-тәрбие міндеттерін анықтау.
2. Тәрбиеленушілерге жаңа білімді баяндау және оны қабылдауға басшылық жасау.
3. Тәрбиеленушілердің білімді қабылдауы және оның санасында жаңа білімнің қорытылып, ғылыми ұғымдар мен тұжырымдардың қалыптасуына басшылық ету.
4. Берілген білімді үлгілеуде қолдануға басшылық ету.
5. Білімді практикада қолдануға басшылық ету.
6. Тәрбиеленушілердің білім мен дағдысының сапасы және деңгейін есепке алу, тексеру және бағалау.

Туристер стансасы – бұл балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкені көркейту саласындағы қызметкерлерге консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, практик мамандарға арналған семинар-практикумдар, вебинарлар, коучингтер өткізу арқылы тәжірибесін еңсеру ошағы.

Ақтөбе қалалық жас туристер стансасында өткізілетін қалалық, облыстық және республикалық іс-шаралар жоспары

| № | Іс-шара тақырыбы |
|---|---|
| 1 | «Саяхат - 2021» облыстық жарысы |
| 2 | «Спорттық туризм – оқушыларды физикалық тәрбиелеудегі маңызды құрал» шебер класс |
| 3 | Тұңғыш Президент күніне орай «Туған өлкеге саяхат» облыстық танымдық байқауы |
| 4 | «Табиғат – тіршіліктің тірегі» республикалық танымдық байқау |
| 5 | ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Гүлдене бер, Қазақстан!» облыстық байқау |
| 6 | ҚР Тәуелсіздік күніне орай жасанды шынға өрмелеуден облыстық жарыс |
| 7 | «Туристік-өлкетану қызметін дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі» облыстық семинар |
| 8 | Халықаралық әйелдер күніне орай «Туризм арулары» қалалық жарысы |

| | |
|----|--|
| 9 | «Арайлы Ақтөбе – туған өлкем!» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы |
| 10 | Ұлыстың ұлы күніне орай жасанды шырға өрмелеуден облыстық жарыс |
| 11 | «Балалық шақтың ғажайып әлемі» қалалық отбасы байқауы |
| 12 | «Азимут-2022» спорттық бағдарлаудан облыстық жарыс |
| 13 | «Ескерткіш – ел мұрасы» республикалық онлайн байқауы |
| 14 | Отан қорғаушылар және Ұлы Жеңіс күніне орай «Менің Отаным – Қазақстан!» республикалық туристік-өлкетану слетінің облыстық кезеңі |



«ГҮЛДЕНЕ БЕР, ҚАЗАҚСТАН» ҚАЛАЛЫҚ ӨЛКЕТАНУ ОЛИМПИАДАСЫ



«Qalalyq jas tyrister stansasy» МКҚК



«Qalalyq jas tyrister stansasy» МКҚК



ЮНЕСКО КЛУБЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АКТӨБЕ АҚАЛАСЫ



Қазақстандық Ұлттық
ЮНЕСКО клубтарының
Федерациясы

«Туған өлкемнің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері» номинациясы



ҚР Тәуелсіздік күніне арналған
«Гүлдене бер, Қазақстан!»
республикалық онлайн
байқауы

«Табиғат – тіршіліктің тірегі»
республикалық видеороликтер
онлайн байқауы



Видеороликтер байқауының жеңімпаздары





«Qalalyq Jas Tyrtister stansasy» MҚКК

«ТУҒАН ӨЛКЕГЕ САЯХАТ»

ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ



«Qalalyq Jas Tyrtister stansasy» MҚКК

«ТУҒАН ӨЛКЕГЕ САЯХАТ»

ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУ



*ҚЖСТ-ның дәстүрлі түрде ұйымдастыратын
«Туристік – өлкетану қызметі – білім мен тәрбиенің басты құралы»
облыстық семинары ұйымдастырудамыз*




«Qalalyu jas tyrister stansasy» МКҚК



«Qalalyu jas tyrister stansasy» МКҚК



СТАНСАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН
ДАМУДЫҢ ТИІМДІ
ОРТАСЫ



Функционалдық сауаттылық дегеніміз -
жеке тұлғаның білім, ақыл және дағды
негізінде әлеуметтік қарым-қатынас
жүйесінде дұрыс қалыптастыратын,
мәдени ортада барынша жылдам
бейімделу қабілеті ретінде анықталады.

50 жылдық тарихы бар қалалық жас туристер стансасы 1971 жылдың қараша айынан бастап қызметін атқарып жатыр. 2005 жылға дейін туристер стансасы облыстық балалар экскурсиялық – туристік базасы болып саналды, ал 2005 жылдан бастап Ақтөбе қаласының білім бөлімінің жанындағы «Қалалық жас туристер стансасы» мемлекеттік қомуналдық қазыналық кәсіпорны статусын алды. Қазіргі таңда қала және облысымыздың балалар және жасөспірімдер туризмінің, өлкетану және экология бағытын дамыту мен насихаттау жұмыстарын жүргізетін жалғыз мектептен тыс білім беру мекемесі болып, балаларға бос уақытын тиімді және пайдалы қолдануына, салауатты өмір салтына, туған өлкесінің тарихымен мәдениетіне, біздің облысымызда мекендейтін халықтардың салт-дәстүрлеріне қызығушылық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге мүмкіншілік береді.

Қалалық жас туристер стансасының педагогикалық ұжымы алдындағы мәселе: **«Ақтөбе қаласының балалар мен жасөспірімдері арасында педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі арқылы балалар және жасөспірімдер туризмінің, өлкетану мен экология белсенділігін арттыру, үйірмешілердің танымдық қызығушылығын, салауатты өмір салтына деген талпынысын қалыптастыру».**

Осы проблеманы толық іске асыру үшін қалалық жас туристер стансасының ұжымы келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- оқу-тәрбие беру қызметін атқару;
- қаланың жалпы білім беретін мектептерімен және басқа оқу мекемелерімен, ұйымдармен бірігіп, жұмыс атқару;
- Халықаралық, республикалық, облыстық жарыстар мен шараларға қатысу;
- Ақтөбе қаласы және Ақтөбе облысы бойынша мәдени-танымдық экскурсияларды, жорықтарды, экспедицияларды ұйымдастырып жүргізу;
- Туристік - экология - өлкетану бағытында бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу.

Стансада оқу жылында 52 оқу тобында 720 оқушы қамтылып, барлық үйірме ақысыз жүргізіледі.

Станса жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру



мекемелерімен бірлесе біріңғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:


- балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыратын;
- білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін;
- балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге

үйрететін;

- өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететін білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Стансада оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін балалардың туристік-өлкетану жұмысқа қатысуы арқылы олардың бос уақытын толтыруды қамтамасыз ететін, мұражай пәндерін сипаттау және зерттеу, экспозицияларды құру, экскурсияларды және туристік – экологиялық – өлкетану шараларын өткізу, ондағы қатысушылар тек зерттеу қызметін ғана біліп қоймай: олар виртуалы турларда компьютерлік бағдарламаларды құруды, зерттеу тақырыптарын таңдау және құрастыруды, тақырыптың талдауын өндіру, шығу көздерін жинап және іздеумен айналысуы жоспарланған.

Қосымша білім беру педагогтерінің жоғары педагогикалық, жоғары кәсіптік және арнаулы орта білімі бар педагогтер саны



| Оқу жылы | Барлық педагог саны | Жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер | Жоғары кәсіптік білімі бар педагогтер саны | Орта арнаулы білімі бар педагогтер саны |
|-----------|---------------------|--|--|---|
| 2019-2020 | 16 | 9 | 4 | 3 |
| 2020-2021 | 16 | 10 | 4 | 2 |
| 2021-2022 | 16 | 10 | 4 | 2 |

Білім беру педагогтерінің жалпы санынан «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі

| Педагогтардың жалпы саны | Санаты | Педагогтар саны | пайызы |
|--------------------------|-------------------|-----------------|---------|
| 16 | Педагог-зерттеуші | 3 | 18,25 % |
| | Педагог-сарапшы | 3 | 18,25 % |



Туристер стансасының оқыту кеңістігі мен нәтижелігі

ҚЖТСның оқу-білім беру жұмыстары

Стансаның білім беру процесі үш бағытқа бөлінген, әр бағытта үйірме жұмыстарының бағдарламалары бар. Барлық бағдарламалар бейімделген бағдарламалары деп табылады:

1. «Турист – ұйымдастырушы» мектебі:

- өлкетану және экскурсиялық жұмыстары бойынша біржылдық «Жас экскурсовод», «School экскурсовода», «Виртуалды экскурсия» үйірмелері;

2. «Туған жер» өлкетану және экология факультеті:

- музей ісі бойынша «Мұрагер» біржылдық үйірмесі;

- әдеби өлкетану бойынша «Әдеби өлкетану» және «Литературное краеведение» үйірмелері;

- тарихи өлкетану бойынша «Туған өлке» екіжылдық үйірмесі;

- экология бойынша «Экоәлем», «Жас эколог» біржылдық үйірмелері;

- геология саласы бойынша біржылдық «Жас геолог өлкетанушы» үйірмесі;

- туған жерінің қолданбалы өнері бойынша «Қолөнер және туризм» үйірмесі;

- өлкетану және туризм бағыттары бойынша «Турист өлкетанушы» үйірмесі;

- өлкетану және география бағыттары бойынша «Географ өлкетанушы» үйірмесі;

3. «Жас саяхатшылар» клубы:


- спорттық бағдарлау бойынша «Спорттық бағдарлау» біржылдық үйірмесі;

- туризм және тау туризм негіздері бойынша «Шыңға өрмелеу» екіжылдық үйірмесі;

- туризм негіздері бойынша «Жаяу туризм», «Спорттық туризм» екіжылдық үйірмелері.

Барлық үйірмелердің бағдарламалары республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының тарих, география, өлкетану, туризм, экология бөлімдерінің бағдарламалары және әдістемелік нұсқаулар негізінде құрылып, Ақтөбе қаласының білім бөлімі сараптама кеңесінің бұйрығымен бекітіледі. Бірінші оқу жылы - 144 сағат, екінші оқу жылы – 216 сағат, үшінші оқу жылы - 216 сағат.


Қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде технологиялық карталар, экскурсиялық маршруттар және музей ісі мен өлкетану, экскурсия, экспедиция, жорықтарды қала, облыс аумағы бойынша және аумақтан тыс өткізу мен ұйымдастыру сұрақтары бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізіледі.



«ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ»



Қалалық жас туристер стансасының қамтитын ауқымды бағыттарының бірі – спорттық-туристік бағыт. Спорттық туризм көптеген демалыс түрлерінің бірі болып есептеледі. Спорттық туризм түрлері туристер ортасында танымал болып келеді.



Спорттық туризм бағытындағы үйірмелерге қатысатын оқушылар техника қауіпсіздігімен танысады, жорық жұмыстары, алғашқы дәрігерге дейінгі көмек, жорық кезіндегі кедергілерден өту техникасын меңгереді. Өз өлкелері туралы білімдерін жетілдіріп, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, жас туристер шыңдалып, еңбек дағдыларын, біліктілікті меңгереді және туризм туралы білімдерін жетілдіріп, жорықтың жеңіл дәрежелерін орындайды.

Қалалық жас туристер стансасының спорттық-туристік бағытында өткізетін іс-шаралары

| № | іс-шара атауы | деңгейі |
|----|---|--------------|
| 1 | Отбасы күніне арналған – «Әкем анам және мен – біз туристік отбасы» атты спорттық-туристік жарысы | мектепішілік |
| 2 | Оқушылар арасындағы «Алтын күз» жарысы | қалалық |
| 3 | Білім қызметкерлері арасындағы спорттық туризм техникасынан жарыс | қалалық |
| 4 | Мектеп каникулы кезінде оқушылар арасында өткен «Жүзден жүйрік» жарысы | мектепішілік |
| 5 | Мектеп каникулы кезінде оқушылар арасында ұйымдастырылатын жорықтар | үйірмеаралық |
| 6 | Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай жасанды шыңға өрмелеуден жарыс | облыстық |
| 7 | «Спорттық туризм – оқушыларды физикалық тәрбиелеудегі маңызды құрал» дене шынықтыру пән мұғалімдеріне семинар практикум | облыстық |
| 8 | Үйірме білім алушылары арасында жаяу туризм техникасын жетілдіру мақсатында өткізілетін «Туризм қырандары» атты жарыс | мектепішілік |
| 9 | Үйірме білім алушылары арасында шаңғы техникасын шыңдау мақсатындағы қысқы бағдарлаудан жарыс | үйірмеаралық |
| 10 | Үйірме білім алушылары арасында тау туризмін жетілдіру барысында өтетін «Алтын Жумар» жарысы | үйірмеаралық |
| 11 | Үйірме білім алушылары арасында тау туризмін жетілдіру барысында өтетін «Тау барысы» жарысы | үйірмеаралық |
| 12 | Халықаралық әйелдер күніне арналған «Туризм арулары» жарысы | қалалық |
| 13 | Ұлыстың Ұлы күніне орай жасанды шыңға өрмелеуден жарыс | облыстық |
| 14 | «Менің Отаным - Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының слеті | облыстық |





Халықаралық туризм күні, Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойы және Қазақстан Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының 10 жылдығына орай спорттық туризм техникасы бойынша «Алтын күз - 2019» жарысы



«Qainlyq jas tyrister slonasy» IUTKQ





«Ақтөбе өлкесінің туристер стансасы» МАҚК

«Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану слетінің облыстық кезеңі



Ақтөбе облысының білім басқармасы, «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығы және Қалалық жас туристер стансасының ұйымдастыруымен Республикалық «Менің Отаным - Қазақстан» туристік өлкетану слетінің облыстық кезеңі Россовхоз елді мекеніндегі «Достық» лагерінде өткізілді. Ақтөбе облысының балалар мен жасөспірімдер туризмін, барлық халықтар мен ұлттар балаларының арасындағы мәдени байланыс және достық қарым-қатынасты дамыту, оқушыларды азаматтық және патриоттық сезімге тәрбиелеу, туристік - өлкетану қызметін жүзеге асыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Слётке Мәртөк, Қобда, Хромтау ауданынан және қала мектептерінен 184 оқушы қатысып бақ сынасты. Слёттің бағдарламасы бойынша бірінші күні «Сөнбес жұлдыздар» (белгілі қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ғалымдардың, еңбек ардагерлерінің өмір жолы) тақырыбында іздеу зерттеу жобасын қорғап, «Ұзын» қашықтығы бойынша спорттық бағдарлаудан жарыс, «Техникалық» қашықтықта команда жасанды жол кедергілерінен өтіп және кешкі уақытта алдын ала берілген үй тапсырмалары Қазақстан халықтарының достығы фестивалі



«Ақтөбе өлкесінің туристер стансасы» МАҚК

ТУРИСТЕР ӨМІРІНЕН ҚЫЗЫҚТЫ СӘТТЕР





«Аталық іс істестер стансасы» МҚКК

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне
және Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары
Федерациясының 10 жылдығына орай жасанды
шыңға өрмелеуден облыстық жарысы



«Келісілді»
Қалалық жас туристер
стандасының директоры
А. Бекбергенова
« 12 » 12 2021 ж.

«Бекітімін»
«Ақтөбе - Дарын»
ӨГТҚББД директоры
Н. Бекбағанбетов
« 12 » 12 2021 ж.

Тағыбергенов Меркебайдың 85 жылдығына және Қалалық жас туристер
стандасының 50 жылдығына орай спорттық туризм техникасы
бойынша «Саяхат - 2021» облыстық жарысының
Ережесі

1. Жалпы ереже

Мақсаты - міндеті:

- Ақтөбе облысының балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Техникалық шеберліктерін арттыру;
- Командалар арасында мықтыларды анықтау.

2. Ұйымдастырушылар

«Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру
орталығы және «Қалалық жас туристер стандасы» МКҚК.

3. Өткізу уақыты мен шарты

Жарыс 2021 жылы қараша айының 4 күні № 22 орта мектебінде өтеді.
Мекен – жайы: Шернияз көшесі 29.

Жарысқа қатысушылардың тізімдері мен сұраныстары **02.11.2021** дейін
жіберілуі тиіс. Тел: 90-79-19, /факс: 90-80-32, e-mail Yuntur@mail.ru
қабылданады. Қосымша сұрақтар және жарыс кезеңдері бойынша аталған
номер бойынша хабарласуға болады:

педагог ұйымдастырушы Н. Нурмағанбет (8705 838 83 89).

Жарыс «А» және «Б» тобы болып бөлінеді, (таңдау бойынша).

4. Қатысушылар

Жарысқа Ақтөбе облысы және қаласының мектептері, қосымша білім
беру мекемелері, клубтар, спорт мектептері, арнаулы орта білім беру
мекемесінің білім алушылары қатыса алады.

Топ құрамы: 7 қатысушы (4 ер + 1 қыз, 1 қосалқы, 1 жетекші).

1. Қатысушылардың жас ерекшеліктері **2005 – 2010** жылғы білім
алушылар.

Топ жетекшісі жарыс кезінде қатысушылардың жарысқа бару және қайту,
жарыс өту кезінде өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне толығымен
жауапты.

Топ жетекшісі ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсыруы
қажет:

1) жарысқа қатысу туралы мекеме басшысының бұйрығының көшірмесі;

өкілдердің жарысқа жіберуші ұйымдарының есебін.

Қабылдау шарты

- Команда өкілдерінде төмендегі құжаттар міндетті түрде болуы тиіс:
- атаулы сұраныс (дәрігер және ұйым басшысының мөрмен бекітілген)
 - жастарын растайтын құжаттар (жеке куәлік көшірмесі). (Қатысушылардың құжаттары толық болмағанда жарысқа қабылданбайды)
- Қатысушылар мен жетекшілердің бірдей киімдері, бетперделері, екінші аяқ киімдері, штандарттары міндетті түрде болуы тиіс.

Қатысуға сұраныстар:

Жарысқа қатысуға алдын - ала сұраныстар **04.04.2022** күнінен кеш берілмеуі тиіс.

Топтың аты _____

| Р/с | Аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Мектебі, классы | Дәрігер рұқсаты, мөрі |
|-----|----------|-----------------------|-----------------|-----------------------|
| | | | | |

Топ жетекшісінің аты-жөні, телефоны
Директордың қолы және мөрі

Алдын-ала сұраныстар қалалық жас туристер стандасының Yuntur@mail.ru
электронды мекен-жайы бойынша қабылданады.

Анықтамалар:

Бас төреші: Шүренбаев Нурбек Орынбасарович (8 778 2334545)

Осы ереже жарысқа шақыру болып табылады!

«Келісілді»
«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРБИЕШЛЕР
МЕН ЗИЯТКЕРЛІК БАЛАЛАР
ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ»
қоғамдық қорының директоры
Н. Нурмағанбетов
« 05 » 05 2022 ж.

«Келісілді»
Ақтөбе қаласының
білім бөлімінің
басшысы
М. Қосымбаева
« 05 » 05 2022 ж.

«Бекітілді»
«Қалалық жас туристер
стандасы» МКҚК
директоры
А. Бекбергенова
« 05 » 05 2022 ж.

Ақтөбе облысының 90 жылдық мерейтойына орай жасанды шыңға
өрмелеуден облыстық жарысының
ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты мен міндеті

- Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Ақтөбе облысында шыңға өрмелеуді дамыту;
- Тәжірибе алмасу және техникаларын арттыру.

Өткізу орны мен мерзімі

Жарыс 2022 жылы 5 сәуірде, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінде (Ө. Молдағұлова даңғылы 34) өтеді.

Жарыс башылығы

Жарыстың ұйымдастырылуы және өткізілуі «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТӨРБИЕШЛЕР МЕН ЗИЯТКЕРЛІК БАЛАЛАР ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ»
қоғамдық қоры, Ақтөбе қаласының білім бөлімі және «Қалалық жас туристер
стандасы» МКҚК башылығымен жүзеге асырылады.

Жарысқа қатысушылар және өткізілу шарты

Жарысқа қатысушылар жылдамдыққа жарысады. Жарыс жас ерекшелігіне
және ер балалар мен қыздар арасында бөлініп өткізіледі.
А тобы (2005 - 2006), В тобы (2007 - 2008) С тобы (2009 - 2010).

Жарыстың бағдарламасы

| | |
|---------------|---|
| 9:00 – 10:00 | Қатысушылардың келуі және мандаттық комиссия. |
| 10:00 – 10:15 | Жарыстың салтанатты ашылуы. |
| 10:30 | Дистанция бойынша жарыс. |
| 18:00 | Жарыстың салтанатты жабылуы, марапаттау. |

Марапаттау

Жеңімпаздар «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӨРБИЕШЛЕР МЕН ЗИЯТКЕРЛІК БАЛАЛАР
ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ» қоғамдық қоры, Ақтөбе қаласының білім бөлімі
және Қалалық жас туристер стандасының мадақтамаларымен, медальдарымен
марапатталады.

2) сұраныс: Қосымша 1.

Қосымша 1.

| № | Аты-жөні | Мектебі, классы | Туған жылы, айы, күні | Дәрігер мөрі |
|---|----------|-----------------|-----------------------|--------------|
|---|----------|-----------------|-----------------------|--------------|

Топ жетекшісінің аты-жөні, Whats App номері, мекеменің электронды
поштасы.

3) Топ жетекшісінің Вакцинация паспорты.

Барлық құжаттар көрсетілген e-mail Yuntur@mail.ru бойынша
қабылданады.

5. Жарыстың бағдарламасы


08.30 - 09.45 – мандаттық комиссия жұмысы. Қатысушылардың келуі,
қабылдау;
10.00 – 10.15 – Жарыстың салтанатты ашылуы;
10.30 – Жарыстың басталуы;
16.30 – Жарыстың аяқталуы;
17.00 – Жарыстың жабылу салтанаты, марапаттау.

6. Қатысушылар марапаттау

«Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру
орталығы және Қалалық жас туристер стандасының I, II, III дәрежелі
дипломдарымен, кубоктарымен мақтау қағаздарымен марапатталады.

Осы ереже жарысқа шақыру болып табылады!

Оқушыларға арналған спорттық бағдарлау - туристер стансасының қызметінде белсенді бағыт болып табылады. Балалар бағдарлауы ересектер бағдарлауындай тек ғана физикалық жағынан емес, сонымен қатар ақыл-ой қасиетін де шынықтырады. Ақтөбе облысының спорттық бағдарлау бойынша облыстық Федерациясымен бірлесе отырып, саябақтардағы, жабық залдардағы, спорттық бағдарлаудың әр түрлі деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып өткізіледі. Туристер стансасының оқушылары спорттық бағдарлау бойынша жарысқа бірнеше рет қатысып, жүлделі орындарға ие болды.





Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналаған спорттық бағдарлаудан қалалық чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты мен міндеттері

- жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- спорттық бағдарлау спортын дамыту;
- Ақтөбе қаласында үздік спортшыларды анықтау;

Өткізілу орны мен мерзімі

Жарыс 2021 жылдың 13-15 қазан аралығында Ақтөбе қаласының тұңғыш президентінің саябағында, №8 ОМ жанындағы «Достық» саябағында өткізіледі.

Жарыс басшылығы

Жарыстың өткізілуі және жалпы басшылығы «Ақтөбе қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ, «Ақтөбе облысының спорттық бағдарлау федерациясы» ҚБ басшылығымен жүзеге асырылады.

Жарысқа қатысушылар және өткізілу шарты

Чемпионат – жеке түрде ерлер мен қыздар арасында өткізіледі. Қатысушылар санына шектеу жоқ. Қатысушылар жасы: MW 14,16,18, (21E)
Жарыс барысында қатысушылар спорт карта арқылы жылдамдыққа бақылау нүктелерін табады.

Жарыстың өткізілу шарттары және бағдарламасы

| 13 ҚАЗАН | |
|-------------|---|
| 11:00-12:30 | Мандаттық комиссия жұмысы, қатысушыларды нөмірлеу |
| 12:30-12:45 | Өкілдермен бас төрешілер коллегиясының жиналысы |
| 13:01 | «SPRINT» қашықтығының басталуы |
| 14 ҚАЗАН | |
| 12:00 | «MIDDLE» қашықтығының басталуы |
| 17:00 | Өкілдермен бас төрешілер коллегиясының жиналысы |
| 15 ҚАЗАН | |
| 12:00 | «LONG» қашықтығының басталуы |
| 17:00 | Жарыстың жабылу салтанаты, жеңімпаздарды марапаттау |

Қаржы шығындары

Іс сапар бойынша шығындар (жол ақысы, тамақтану, орналасу) қатысушылардың және жаттықтырушылардың жарысқа жіберген іс сапар ұйымдарының есебінен. Жарыстың төрешілерін, дәрігерлердің қызметін, жеңімпаздарды марапаттау «Ақтөбе қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ қаржыландырады.

Құжаттар

Команда өкілдеріне төмендегі құжаттар міндетті түрде мандат комиссиясына тапсыруы тиіс;

- атаулы сұраныс (дәрігер және ұйым басшысы бекіткен, спортшылардың, жетекшілердің аты – жөні, туған жылы(толық) қолы, мөрі, және дәрігердің мөрі)
- жастарын растайтын құжаттар (жеке куәлік көшірмесі)


(Қатысушылардың құжаттары толық болмағанда жарысқа қабылданбайды)

1. Марапаттау

Жеңімпаздар медальдармен және мадақтамалармен марапатталады.
Алдын ала сұраныстарда оқушылардың **АТЫ- ЖӨНІ, ТУҒАН ЖЫЛЫ КӨРСЕТІЛІП 2021 ЖЫЛДЫҢ 12 ҚАЗАНЫНА ДЕЙІН КЕШ БЕРІЛМЕУІ КЕРЕК.** E-mail nurbek_skalolaz@mail.ru

Анықтамалар: Бас төреші: Шуренбаев Нурбек Орынбасарович 8 778 233 45 45

Әлемдегі стандарт бойынша «Акат» приложениясы арқылы сызылған, Ақтөбе қаласының Назарбаев Зияткерлік Мектеп алаңының бағдарлау картасы



**Тараз қаласында өткізілген XI ЖАЗҒЫ ҚАЗАҚСТАН ОҚУШЫЛАР
ГИМНАЗИЯДАСЫ АЯСЫНДА СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУДАН ЖАРЫСҚА
ҚАТЫСУ**



**Қарағанды қаласында өткізілген ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСУ**



Әр мезгілдегі дәстүрлі жорықтар

Қалалық жас туристер стансасы түрлі бағыттарда жорықтар ұйымдастырады. Жорықтың адам денсаулығына тигізер пайдасы өте көп, физикалық тұрғыда дамиды немесе қалпына келеді, тыныс алу жүйесі, қан айналу жүйесі жақсарады, қан тамырлары тазарады, зат алмасу процесі дұрысталады және т.б. адам денсаулығына қосар үлесі өте көп. Экспедициялар мен жорықтар адамға тек физикалық тұрғыдан пайдасын тигізіп ғана қоймай, рухани сауаттылығына да қосар үлесі өте зор.

Жорықтар мен экспедициялар мақсаты: туған өлкесін тану, зерттеу, экологиялық білімін арттыру, спорттық-туристік дағдысын қалыптастыру, санат көтеру, патриоттық тәрбие беру.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы Даланың Жеті Қыры» атты мақаласында Қазақстан тарихын зерттеуге және Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған алты ірі жобаны жариялады. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы. Өз өлкелері туралы ғылыми-ізденіс жұмыстарын зерттеуге ынтасы артады. Жорықтар, саяхаттар барысында балалар табиғатпен қоян-қолтық араласуға, олардың бойында құнды жеке сапалар: көпшілдікке, қарым-қатынасқа, беріктілік пен шешімділікке және табиғатқа, досқа көмекке келу мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Жас туристер дала жағдайында шатырларда тұрады, алғашқы медициналық көмек, туристік дағдыларды үйренеді, әсіресе мінез-құлқы қиын балалар ашылып өздерін басқа қырларынан көрсетіп, шыңдалады. Жорықтарда жас туристер «Қазақстан саяхатшысы» нормативін орындайды. Сондықтан мектеп оқушыларының өлкетанушылық қызығушылықтарын қалыптастырып, спорттық-туристік-өлкетану қызметіне белсенді түрде тартудың маңызы өте зор.

Спорттық-туристік бағыттағы жорықтар мен экспедициялар

| № | бағыты | орындалу түрі |
|----|--|--------------------|
| 1 | Ақтөбе қаласы-Қобыланды батыр кесенесі | экспедиция |
| 2 | № 60 ЖББОМ-Ақжар-1 | жаяу жорық |
| 3 | Ақтөбе қаласы - Бестамақ ауылы - Есет батыр кесенесі | кешенді экспедиция |
| 4 | Ақтөбе қаласы - Сазды су қоймасы | жаяу жорық |
| 5 | Кірпішті ауданы - Өрлеу ауылы | шаңғы жорығы |
| 6 | Батыс 2-Сазды су қоймасы | жаяу жорық |
| 7 | Шығармашылық Академиясы - «Достық» лагері | жаяу жорық |
| 8 | Шығармашылық Академиясы - «Достық» лагері | кешенді жорық |
| 9 | Ақтөбе қаласы - Қарғалы ауданы | кешенді жорық |
| 10 | № 60 ЖББОМ-Ақжар 1 | жаяу жорық |
| 11 | Д. Қонаевы көшесі - Кірпішті көпірі | жаяу жорық |
| 12 | «Ардағым» қожалығы - Қарғалы су қоймасы | жаяу жорық |
| 13 | № 8 ОМ - Өрлеу ауылы | жаяу жорық |
| 14 | Ақжар-1 - Елек өзені | жаяу жорық |
| 15 | Нұр Сити – Ақжар-1 | жаяу жорық |
| 16 | Д. Қонаев көшесі - Кірпішті көпірі | жаяу жорық |

Есет батыр кесенесіне экспедиция

Қалалық жас туристер стансасы жыл сайын дәстүрлі түрде үйірме білім алушыларымен «Туған жер» бағдарламасы аясында «Есет Көкіұлының – мәңгі өшпес рухы» атты өлкетану экспедициясын ұйымдастырады. *Экспедицияның мақсаты:* туған жердің тарихымен танысу, діни туризмді дамыту, ата-бабалар әруағына тағзым ету. Экспедиция барысында оқушыларға күнделіктер беріледі, сол күнделікті үйірме білім алушылары экспедиция кезінде болған қызықты сәттермен толтырып отырады. Кесененің басына келгеннен бастап зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Достық лагеріне жаяу жорық

Жорық барысында Елек және Қарғалы өзендері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Топ мүшелері күнделік толтырады. Жорық барысында туристер жол кедергілерінен өтеді. Жорыққа сұраныстар бойынша қаланың білім алу орындарынан оқушылар мен жастары үлкен қызығушылықпен қатысады. Жорыққа қатысушылар керек мәліметтерін жинап, бардтық әндерді орындап, көтеріңкі көңіл-күймен оралады.



Қарғалы ауданына және «Алтын дала» жорықтары

Жылма-жыл дәстүрлі түрде қалалық жас туристер стансасының турист-нұсқаушыларымен өткізілетін жорық, экспедициясының бір түрі - Қарғалы ауданына жаяу және кешенді жорықтар. Жорықтың басты мақсаты: туристік бағытты көрсетілген мерзімде өтіп, «Қазақстан саяхатшысы» төсбелгісіне ие болу. Жорық бағыты: «Ардағым балық өсіру қожалығы – Қарғалы су қоймасы – Ардағым кемпингі – Ардағым балық өсіру қожалығы». Бағыттың жалпы ұзақтығы, 17 шақырымды құрайды. Сонымен қатар Дүниежүзілік туризм күніне арналып «Алтын дала» жорығы да ұйымдастырылып өткізіледі. Мақсаты: жас жеткіншектер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, белсенді туризм түрін дамыту, бос уақытын тиімді пайдалану. Бұл жорықтың бағыты жылма-жыл өзгертіліп, өлкеміздің әр аймағына бағытталады. Жорық барысында топ мүшелері табиғи жол кедергілерінен өтіп, қауіпсіздік ережесін сақтай отыра қиын аймақтардан жүріп, далалық жағдайда тамақтанады, бағдарлау элементтерімен жұмыс жасайды, бивуак жұмыстарымен айналысады. Бір сөзбен айтқанда бұл жорықтар мен экспедициялар балаларды қиын және төтенше жағдайларда шешім тауып, өзін өзі алып шығуға үйретеді.



Жорықтағы бағыт парағының ҮЛГІСІ

ГОРОДСКАЯ СТАНЦИЯ ЮНЫХ ТУРИСТОВ



МАРШРУТНЫЙ ЛИСТ №___

Руководитель группы:
педагог организатор Н. Нурмаганбет

Маршрутный лист по походу выдан группе туристов -

_____ (полное наименование организации, проводящей путешествие)

в составе _____ человек, совершающей с «_____» _____
по «_____» _____ 2022 год _____ туристское путешествие
(вид туризма)

_____ по маршруту:
(географический район)

Руководитель группы _____

Заместитель руководителя _____

Директор городской
станции юных туристов _____

М.П. «_____» _____ 20__ год

Список группы

| № п/п | ФИО учащегося | год рождения | обязанности в группе |
|----------|---------------|--------------|----------------------|
| 1. | | | |
| 2. | | | |

ПЛАН ПУТЕШЕСТВИЯ

| дни пути | дата | участки маршрута | расстояние (км) | способ передвижения | отметки о прохождении маршрута |
|----------|------|------------------|-----------------|---------------------|--------------------------------|
| 1 | | | | | |

Руководители туристского путешествия

В каждой туристской группе должен быть руководитель и заместитель руководителя (второй руководитель).

Руководителями и заместителями руководителей туристских путешествий могут быть учителя, воспитатели, старшие пионервожатые, работники внешкольных учреждений, детских секторов профсоюзных клубов, домов и дворцов культуры, учащиеся старших курсов педагогических училищ, студенты вузов, инструктора-кружководы, занимающиеся с детьми в ЖЭКах и других учреждениях, достигшие восемнадцатилетнего возраста.

Обязанности руководителя туристского путешествия

1. Организовать группу участников путешествия в соответствии с Инструкцией и ознакомить учащихся с её содержанием; строго соблюдать правила предупреждения несчастных случаев, при несчастных случаях принять все необходимые меры по оказанию доврачебной помощи, в кратчайший срок обратиться в ближайшее медицинское учреждение, сообщить о случившемся организации, проводящей путешествие, в местную контрольно-спасательную службу и маршрутно-квалификационную комиссию, рассмотревшую материалы на данный маршрут;

2. Придерживаться утвержденного маршрута и плана путешествия, не допускать отклонения от них без уважительных причин, в случае необходимости использовать запасной вариант маршрута;

3. Перед прохождением трудных и опасных мест (бродов, переправ, стремени, порогов, лесных завалов и т. д.) тщательно проверять их проходимость, строго соблюдать правила безопасности;

4. Из ранее определенных пунктов в установленные контрольные сроки уведомлять школу, учреждение, проводящее путешествие, МКК и КСС о ходе путешествия и состоянии здоровья участников;

5. В случае необходимости изменения сроков путешествия после отъезда туристской группы с места жительства, согласовать эти сроки с местной контрольно-спасательной службой зарегистрировавшей эту группу, и с организацией, проводящей путешествие;

6. Составить финансовый отчет, предварительно проконсультировавшись в бухгалтерии;

7. Предоставить отчет в МКК в сроки и по форме, установленной при утверждении маршрута.

Права и обязанности участников путешествия

Участник туристского путешествия имеет право:

- Участвовать в подготовке путешествия и разработке его плана;
- При возвращении из путешествия обсуждать во время разбора его итоги;
- Пользоваться туристским снаряжением организации, проводящей путешествие.

Участник туристского путешествия обязан:

- Немедленно оказать помощь товарищам своей группы, а также всем другим людям, терпящим бедствие в районе путешествия;
- Уважать местные традиции и обычаи;
- Бережно относиться к природе, к памятникам истории и культуры;
- Соблюдать дисциплину, выполнять все указания руководителя группы и его заместителя, не допускать самовольных отлучек;
- Принимать активное участие в подготовке отчета о совершенном путешествии.

Техника безопасности

Группа _____

| № | ФИО учащегося | подпись получившего инструктаж | краткое содержание инструктажа | подпись проводившего инструктаж |
|---|---------------|--------------------------------|--------------------------------|---------------------------------|
| 1 | | | | |

*«Туған елім – гүл елім, қасиетіңді білемін,
Өзіңе деп жүремің – лүпілдеген жүрегім!»*



«Qalalyq jas tyrister stansasy» МҚОК

Туристік – өлкетану бағытындағы үйірмелер



Өлкетану географиясы
Географ өлкетанушы
Турист өлкетанушы
Қолөнер және туризм
Туған өлке
Жас экскурсовод
Виртуалды экскурсия
School экскурсовода
Әдеби өлкетану
Литературное краеведение
Жас геолог



Бұл үйірмелердегі жұмыс бағыттары бойынша оқушылар туған өлкесінің тарихы, мәдениеті, әдеп-ғұрыптары, дәстүрлері, мәдени мұралары, өлкеміздің жергілікті ақын-жазушылары, белгілі тұлғалары туралы білім алады. Туған өлкесінің географиялық ерекшеліктерін бақылап, суреттейді, танымдық және ғылыми зерттеу дағдысын меңгереді. Білім алушылар Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікке, патриоттылыққа тәрбиеленіп, шығармашылық әлеуетін арттырады, мектепте алған білімдерін тереңдетіп, практика жүзінде қолдануға, түсініктер мен ұғымдарды дұрыс пайдалана білуге үйренеді. Сонымен қатар шеберлік, іскерлік, икемділік, зерттеушілік, танымдық қабілеттері мен шығармашылық белсенділіктері дамиды. Туристік жорықтар, саяхаттар, экскурсиялар кезінде туған өлкесінің өткен және қазіргі өмірімен танысады.



Білім, ғылым
және мәдениет
жөніндегі Біріккен
Ұлттар Ұйымы

Қазақстандық
ЮНЕСКО
клубтарының
Федерациясы



18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай «Ескерткіш – ел мұрасы» республикалық онлайн байқауының ЕРЕЖЕСІ

Байқаудың мақсаты:

- өз өлкесіне деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімдерін арттыру;
- туған жерінің тарихын, мәдениетін танып-білуге, белгілі қайраткерлерін құрметтеп, ізденуге баулу;
- көркемдік шығармашылығын дамыту, жаңа идеяларды іздеудегі белсенділіктерін ояту, эстетикалық талғамын, қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру.

Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

- 5-11 класс аралығындағы мектеп оқушыларына және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған *республикалық онлайн байқауы* өткізіледі.
- Байқауды Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының қолдауымен Ақтөбе қаласының Қалалық жас туристер стансасы ұйымдастырады.
- Әр білім беру ұйымынан бір жұмыс қабылданады. Қатысу тегін.

Байқаудың өткізілу шарты

- «Туған өлке – тұнған тарих» номинациясы.
- Әрбір қатысушы өз өлкесіндегі мәдени, тарихи, сәулет ескерткіштерінің тарихы туралы (мағлұмат беру, өлең оқу, т.б) бейнеролик дайындап қорғау қажет.
- Жеңімпаздар Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясы және Ақтөбе қаласының Қалалық жас туристер стансасы атынан I, II, III, дәрежелі дипломдармен және мадақтамалармен марапатталады.

Бейнероликке қойылатын талаптар

- Бейнероликтің YouTube арнасына орналастырылған сілтемесін 22 сәуірге дейін **87053981787** номеріне жіберу керек.
- Бейнеролик ұзақтығы 2-3 минут.
- Бейнероликте қатысушының облысы, ауданы, мектебі, оқушының аты-жөні толық жазылуы тиіс.
- Бейнероликті бағалау критерийлері:
 - тақырыптың толық ашылуы;
 - бейнеролик дыбысы мен бейнесінің сапасы;
 - қорғау шеберлігі;
 - сапалы рәсімделуі.

Өтініштерді қабылдау

Байқауға қатысу өтініштері мен жұмыстар **2022 жылдың 22 сәуіріне** дейін қабылданады. Қатысушылар осы ереженің соңындағы өтініш формасын толтырып yuntur@mail.ru электронды поштасына жіберу керек.

Өтініштің формасы

| № | Оқушының аты- жөні, | Облыс, қала, аудан Мектебі, класы | Жұмыстың тақырыбы | Жетекшінің аты-жөні, телефоны, электронды поштасы |
|---|---------------------|-----------------------------------|-------------------|---|
|---|---------------------|-----------------------------------|-------------------|---|

Еліміздің ескерткіштері мен тарихи орындары – туған өлкеміздің тарихы мен мәдениеті. Дәстүрлі түрде оқу жылымызды Қазақстандық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясы аясында өткізілетін «Жылды жақсылықпен бастайық!» қайырымдылық акциясымен бастап, станса педагогтары үйірме оқушыларымен бірге қаламыздың ескерткіштеріне қамқорлық көрсетеді.



Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында 1,1 млн.жыл бұрын үлкен метеориттің құлауына байланысты пайда болған Жаманшын метеориттік кратері орналасқан. Бұл керемет жер туристер стансасының бірден бір экспедициялық бағыттарына жатады. Педагогтар, үйірме оқушылар - зерттеушілер И. М. Губкин атындағы мұнай және газ Ресей мемлекеттік университетінің профессоры, геолого-минералогиялық ғылымдарының докторы Павел Васильевич Флоренскийдің бастауымен болған кратерді зерттеу бойынша Халықаралық және Ресейлік комиссиясының құрамына бірнеше рет кірді.

Ырғыз ауданы. Жаманшын кратеріндегі Халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясы кезінде



САЯХАТ – БІЛІМГЕ БАСТАР ЖОЛ

Экскурсиялық қызмет-оқушыларға танымдық тәрбие берудің ықпалды жолы. Ол туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, ел мен жер байлығын, тарихын, мәдени мұраларын оқып-үйреніп, патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Экскурсиялар мен жорықтар арқылы оқушылар өз өлкесінің тарихымен, танымал тұлғаларымен танысып, туған жеріне деген құрметтері арта түседі. Түрлі саяхаттар арқылы жас ұрпақты туған еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен қайсар батырларымыз, қазақ халқының бірлігін аңсаған ата-бабалармыздың туған жеріне деген сүйіспеншіліктерінен тәрбие алатындай етіп баулу көзделген.

Ақтөбе қаласының жас туристер стансасы жыл сайын 18 сәуір – Халықаралық тарихи ескерткіштерді қорғау күні үйірме оқушыларымен «Батырлар есімі - мәңгілік есте» айдарымен өлкеміздегі ескерткіштердің тарихымен танысып, жиындар өткізеді.

Біздің облысымызда тек осы аймақтың ғана тұрғындарын емес, өзге де алыс, жақын елдердің жұртшылығын қызықтыратындай танымдық, тарихи, археологиялық, көрікті табиғи орындар мен ескерткіштер де аз емес.

Ақтөбе өмірдің қай саласы бойынша да жаңару, жаңғыру үстіндегі экономикалық қуаты орасан мол аймақ. Ақтөбе облысының ішкі туризмін дамыту мақсатында біздің мекемеміздің де үлесі зор.

Кең байтақ даламыздың әрбір тасы, биік жоталары мен қыр-белестері, өзен-көлдері, табиғи-сәулет ескерткіштері тарихтың терең қойнауына қарай жетелейді. Облыстағы ерекше қорғалынатын объектілердің қатарындағы географиялық жағынан тиімді орналасқан, айтарлықтай туристік әлеуетке ие Жаманшың метеорит кратері, Айдарлыаша геологиялық қимасы, Ырғыз-Торғай резерваты, «Мәдени мұра» республикалық бағдарламасына енгізілген 14-15 ғасырлар ескерткіші Абат-Байтақ кесенесі қызығушылық тудырады. Ақтөбе қаласының көрікті жерлері бойынша «Ару қала – Ақтөбе», «Ақтөбе - үшінші мыңжылдықтың қаласы», «Түнгі қала» шолу экскурсиясы; «Батырлар – ел қорғаны», «Ескерткіш – ел тарихы», «Ынтымақ пен бірлік – рухани келісімнің белгісі» атты тақырыптық экскурсиялар; «Мамандықтар әлеміне саяхат» жоғары және арнаулы орта оқу орындарына кәсіби-бағдарлау экскурсиясы, «Өндіріс саласы орналасқан мекен» өндірістік экскурсияларын ұйымдастырып келеді.

Ал Ақтөбе облысының киелі және таңғажайып жерлері бойынша «Қобда - батырлар мекені» тарихи-танымдық экскурсиялары: «Әлия – ғасыр аруы», Қарақыпшақ Қобыланды батыр кесенесі, «Ұлы даланың інжу – маржаны – Абат -Байтақ, «Қызыл там», «Бекқұл баба» кесенелеріне, Алға ауданындағы «Ту ұстап, тарлан мінген - Есет батыр» кесенесіне, «Исатай Тайманов» мемориалдық кешеніне, Әйтеке би ауданындағы «Хан моласы» кесенесіне, «Ойсыл қара» қорымына, Қарғалы сарқырамасына, Хромтау ауданындағы Айдарлыаша геологиялық қимасына экскурсиялық маршруттары ұйымдастырылып келеді.

Қойнауы сырға толы мекен - Ақтөбе!



Қалалық жас туристер стансасы Ақтөбе қаласы және облысы бойынша танымдық, тарихи, табиғи, және өндірістік орындарға экскурсиялар мен туристік жорықтар ұйымдастырады

Қалалық экскурсиялар:

«Ару қала - Ақтөбе» шолу экскурсиясы
 «Ақтөбе – үшінші мыңжылдықтың қаласы» танымдық шолу экскурсиясы
 «Түнгі қала - Ақтөбе» шолу экскурсиясы.

Тақырыптық экскурсиялар:

«Батырлар – ел қорғаны»
 «Ескерткіш – ел тарихы»
 «Ынтымақ пен бірлік – рухани келісімнің белгісі»

Кәсіби - бағдарлау экскурсиясы:

«Мамандықтар әлеміне саяхат»
 Жоғары және арнаулы орта оқу орындарына экскурсия


Өндірістік экскурсиялар:

«Өндіріс саласы орналасқан мекен»
 Қалалық мұражайларға жаяу экскурсиялар



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ АУДАНАРЫ БОЙЫНША ӨТКІЗІЛГЕН ЭКСКУРСИЯЛАР

- ҚОБДА АУДАНЫ (1)
- ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ (2)
- ЫРҒЫЗ АУДАНЫ(3)
- МӘРТӨК АУДАНЫ (4)
- ХРОМТАУ АУДАНЫ(5)



«Qalalyq jas tyrister stansasy» МКҚК

Үйірме оқушыларының өлкеміздің киелі жерлеріне экскурсиясы кезіндегі сәттері




ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР АТЫНДАҒЫ МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНГЕ ШОЛУ ЭКСКУРСИЯСЫ



Абат-Байтақ кесенесіне тақырыптық экскурсия





АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ






**ӘЛИЯ
МОЛДАҒҰЛОВА
АТЫНДАҒЫ
ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕ БЕРУ
ОРТАЛЫҒЫ**

Бекқұл баба кесенесіне шолу экскурсиясы



Бекқұл баба – тек би емес, көріпкелдігі, алдағыны сезіп отыратын ерекше қасиеті бар, жаратылысы бөлек болып, көзінің тірісінде әулие атанған тұлға.

“Екінші Швейцария аталған Қарғалы ауданы” тақырыптық экскурсия



“ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ТАБИҒАТЫ КӨРКЕМ-МӘРТӨК ӨЛКЕМ!” ТАҚЫРЫПТЫҚ ЭКСКУРСИЯ МАРШРУТЫ



Мәртөк аудандық тарихи өлке танау музейі



Т.Молдабай ескерткіші



«Бұлақ суы»



Қайың тоғайы



Бұғы қожалығы



«Зәру» санаторийі

**“ТАРИХЫ ТЕРЕҢ , ТАБИҒАТЫ КӨРКЕМ-МЭРТӨК ӨЛКЕМ!”
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЭКСКУРСИЯ**





“Мұғалжар кереметтері”

«Мұғалжар кереметтері» туристік маршруты (үлгісі)

Маршрут бағыты:

- Көтібар батыр кесенесі
- Бүркіт мүсіні
- «Орқаш» табиғи қорығы
- Айрық ауылы
- Айрық тауы
- Төлеубұлақ үңгірлері (петроглифтері)
- Көк Мешіт

Көтібар батыр кесенесі. Көтібар Бәсенұлы — Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысқан, қол бастаған батырлардың бірі. Кейінгі ұрпақтары да оның күресін жалғастырған. Мысалы, баласы Есет Көтібарұлы 1848-1858 жылдар аралығында Ресей отаршылдығына қарсы көтерілістің басшысы болды. Көтібар батыр кесенесі 2000 жылы Әділғали Баяндиннің жобасы бойынша салынған. Кесене Ақкемер ауылдық округі

аумағында, Ақкемер ауылынан 13 шақырым қашықтықта орналасқан. Маңғыстаудан әкелінген ұлутастан салынған. Биіктігі — 12 метр. Кесене жанындағы құлпытасқа Көтібар батырмен қарулас болған тұлғалардың есімдері жазылған.

Бүркіт мүсіні. Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құдайберген Жұбанов ауылдық округінің мектебін бітірген түлектер туған ауылына алып бүркіт ескерткішін сыйлаған. Ауыл халқы да көмектесіп, нысанды туризмді дамытудың бір көзіне айналдыруды мақсат етіп отыр. Бүркіт мүсінінің биіктігі - 3 метр, тұғырымен ескерткіш 4 метр болды. Ал қанатын жайған құстың ені 7 метрге жетеді. Ескерткіштің жалпы салмағы - 5 тонна

«Орқаш» табиғи қорығы. Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданының жерінде Ор, Жем, Темір өзендерінің су айрықтарында орналасқан. Мұнда ірі-ірі Сабындыкөл, Ащыкөл, Шіліктікөл, Қамыстыкөл деген көлдер бар. Бұл жерде көде, желкен шөптері кездеседі. Орқаш құмды шатқалында қайың мен көктерек егілген орманды алқап (орман саяжайы) бар. Орманды алқапта сирек кездесетін қайың, көктерек, қарағаш, тал және шалғындық алуан шөптер бар. Орман алқабы жақсы күйінде сақталған. Орманның негізін қайың, көктерек, қарағаш, терек, итмұрын құрап тұр. Орманның шөп жамылғысы әртүрлі шөптерге бай. Бұл жерде кәдімгі мыңжылдық, алтыжапырақты шегіршін, сары маралоты, баршынгүл, тағы басқалар бар. Облысымызда сирек кездесетін өкпешіл, усасыр және Қызыл кітапқа енгізілген, Қазақстанда өте сирек кездесетін, батпақты, дымқыл құмды жерде өсетін, шыбын-шіркей жейтін дөңгелек жапырақты шықшөп өседі.

Жерге ұя салатын жыртқыш құстардың 9 түрі кездеседі: кара лашын, кәдімгі көксары, ақсары, дала бүркіті, батпақ құладыны, шалғындық құладыны, қаракұс және кәдімгі бөктергі. Тырна тұқымдастың 3 түрі (ақбас тырна, безгелдек және джек); Дыбыстағыш құстың 4 түрі (жылқышы, қызғыш, қарала шалшықшы және шәушүрілдек); Бұлдырықтың екі түрі (қарабауыр бұлдырық, қолаңтөс); Үкінің 2 түрі (үй байғызы және үкі); Қарға тұқымдастың екі түрі (көкқарға және сарыбоздақ); Тентекқұстың бір түрі (кәдімгі тентекқұс); Торғайлардың кем дегенде жиырма түрі бар.

Айрық (бұрынғы Маяк) — Мұғалжар ауданындағы ауыл. Мұғалжар тауының жиегінде, Әулие өзенінің жағасында, Айрық тауына жақын орналасқан.

Айрық — Мұғалжар ауданындағы екібасты тау. Мұғалжар тауынан гөрі аласалау (643 м). Алғаш рет бұл тау туралы «Книге Большому чертежу» (1627 ж.) кітабында Ұрық атауымен жазылған. Орал тауының оңтүстік бөлігі — Мұғалжар тауы ғана кіреді. Тау Қазақстандағы Жаманқаланың тұсынан басталып, солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла оранласқан, ұзындығы — 450 км, ені 30 км, орташа биіктігі 450-500 м. Ең биік нүктелері — Үлкен Боқтыбай (657 м), Айрық (633 м). Тау Орал тауының жалғасы болып табылады.

Төлеубұлақ үңгірлері. Төлеубұлақ үңгіріндегі петроглифтер Қазақстан-Ресей бірлескен халықаралық экспедициясының 2000 жылы Мұғалажар ауданы аумағындағы тас дәуірінің қоныстарын зерттеу кезінде анықталып, ғылыми айналымға енгізілді. Аталған халықаралық экспедицияның жетекшісі Ресей

ғылым академиясының академигі, т.ғ.д., археолог А.П.Деревянко профессорлар В.Т.Петрин мен Ж.К.Таймағамбетов және т.б. археолог ғалымдар болды. Сонымен қатар мұнда 2006 жылы Ә.Марғұлан атындағы археология институтының маманы, археолог, т.ғ.к. З.Самашев одан әрі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Төлеубұлақ үңгірінде бұдан 10 мың жыл шамасы бұрын үңгірде тас дәуірінің адамдары мекендеген. Үңгірдің еденіне тереңдігі 5 см, диаметрі 15-25 см көлемінде суреттер ойылып салынған. Бұл жердегі шағын үңгірлердегі петроглифтерден тұяққа немесе саңырауқұлаққа ұқсас пішіндер, антропоморфтар, сонымен қатар терең ойып жасалған сызықтар кездеседі. Жоғарыда аталған символдардың ең алғашқылары мезолит, тіпті палеолит кезеңінде, неолит кезеңінен әрі уақытта пайда болған деген пікір ұстанады ғалымдар. Бұл кешен Қазақстандағы тас дәуірінен қалған ең көне археологиялық ескерткіш болып табылады. Алайда бірқатар зерттеушілердің пікірінше, бұл шұңқыр тәріздес символдар жер бетінде жүздеген мың жыл бұрын пайда болған ең көне символдар болуы мүмкін деген болжам бар. Осыдан 250-300 жыл шамасы бұрын Солтүстік Арал маңынан Мұғалжар тауына қоныс аударып, мекен еткен Кіші жүздің Шекті тайпасы Жақайым руынан шыққан Төлеу деген кісінің атымен Төлеубұлақ атанған.

Көк мешіт. Ор ауылы маңындағы мешіт кешені ел аузында «Көк мешіт» атанып кеткен. Бұл — мешіт, медресе, ғибадат үйі, сондай-ақ тұрғын үй мен имамның үйінен тұратын кешен. Ор өзенінің жағалауындағы тегіс, кең алаңға салынған.

Мешіт — бір қабатты, ұзынша ғимарат. Ғибадат залының өлшемдері — 8,20 x 15,30 метр. Жалпы, ғимараттан он терезе мен алты есік ойықтары анықталған. Кезінде мешіттің ішкі қабырғалары көк бояумен сырланған, оның «Көк мешіт» атанып кетуінің бір себебі осында болса керек. Көнекөз қариялардан жеткен естеліктер бойынша, мешіттің сырт жағында шам ілетін тұғырлар болып, кешкілік маңайды жап-жарық қып тұратын болған. Мешіт ХХ ғасырдың басында салынған. Алғашқы имамы — Тобажан Сейітжанұлы. Оны халық «Сары ишан» атаған. Кейін орнын баласы Сәлмен басқан. Сәлмен ишан Сталин заманында қуғын-сүргінге ұшыраған.

Медресе мешіттен солтүстікке қарай жүргенде, 40-50 метр қашықтықта орналасқан. Бұл ғимараттың өлшемдері — 6,55 x 16,40 метр. Бірінен кіріп, келесісіне өтетін екі бөлмесі бар.

Кеңес заманында бұл жерде бастапқыда қосымша құрылыстар салынып, мал ұсталған. Жоғары жақтың нұсқауы бойынша жұлып алынған айшығын жергілікті жұрт түн ішінде жасырын түрде әкетіп, Тобажан ишанның зиратына тыққан деседі. Кейіннен мешіт қаңырап тұрған. Айналасындағы басқа ғимараттар құлағанмен, мешіттің ғимараты бүгінге дейін аман жетті.

Туған елге деген махаббат табиғатқа деген сүйіспеншіліктен басталады.



Туристтік-экология бағыты үйірмелері



Жас эколог-
турист
Экоәлем



Туристтік-экологиялық бағыттың мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын дамыту; табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру; қоршаған ортаның жағдайына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, экологиялық мәдениет және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;

Табиғат – ана адамзатты осыншама байлықпен қамтамасыз етіп, өсіріп-өрбітіп отырғанда, адамзат та өз тарапынан оған қамқор болуы парыз. Көл-көсір табиғат байлығын үстемелеп молайтып, ұқыптап пайдалану, көзінің қарашығындай сақтау, жанашырлықпен қорғау әр адамның міндеті.

Экологиялық білім беру саласында ҚР «Ата заңы» 2050 стратегиясында және Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жасыл ел» атты бағдарламасына сүйене отырып, шығармашылық және жаратылыстанымдық іскерлікті, ғылыми көзқарасты, ізгілік пен экологиялық мәдениетті дамытуды, еңбексүйгіштік пен табиғатқа қамқорлық жасауға дағдыландыруды қамтамасыз етеді.

Экология бағытындағы үйірмелер жұмысының мақсаты – оқушыларға туған өлкенің табиғаты, өсімдіктері, жануарлары, ерекші қорғалатын аумақтары туралы білім беру болып табылады. Білім алушылар өлкеміздің өсімдіктері мен жануарларын оқып тану барысында оларды қорғау қажеттігін түсінеді, экологиялық мәдениеті мен ой-өрісі дамиды, табиғатқа деген жауапкершілік қалыптасады, әсемдікті бағалауды үйренеді.



Қазақстандық
ЮНЕСКО
клубтарының
Федерациясы



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай
«ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІКТІҢ ТІРЕГІ»
республикалық видеороликтер онлайн байқауының ережесі**

Мақсаты мен міндеті:

- білім алушыларға экологиялық, эстетикалық тәрбие беру;
- саналы іс-әрекетті насихаттау және табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын дамыту;
- қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуді үйрету, жан-жақты дүниетанымын қалыптастыру.
- балалардың жеке басының үйлесімді экологиялық дамуына ықпал етіп, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

Байқауды өткізу мерзімі және шарттары

Ұйымдастырушы: Ақтөбе қаласының «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК – ЮНЕСКО Клубы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының қолдауымен.

Байқау жұмыстары және өтініш **2021 жылдың 27 қазанына** дейін қабылданады. Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 5-10 класс оқушылары қатыса алады. Қатысушылар сұранысты (*Қосымша-1*) толтырып, ұйымдастырушылардың yuntur@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет. Қатысу тегін.

Байқаудың өткізілу тәртібі:

1. «Қалдық заттарды табысқа айналдырайық» лайфхак номинациясы.

Қолданылмайтын қалдық заттардан әр түрлі шығармашылық туындылар жасау. Оқушының бұйымды жасау барысында ауызша түсіндірмесі жасалған 3 минуттық видеосы қабылданады (жеке, 1 оқушы). Видеоны YouTube каналына орналастырып, сілтемесін 87053981787 Whatsapp номеріне жіберу қажет.

Бағалау критерийлері:

- бейнеролик дыбысы мен бейнесінің сапасы, көркемделуі;
- мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі;
- белгіленген талаптарды сақтау;
- ерекшелігі.

2. «Мені қоршаған әлем» номинациясы. Туған өлкесіндегі қоршаған ортаның

экологиялық мәселелері туралы үгіт-насихат қойылымы барысында түсірілген 3 минуттық видео қабылданады (топтық, 3-5 оқушы) Видеоны YouTube каналына орналастырып, сілтемесін 87013843133 Whatsapp номеріне жіберу қажет.

Бағалау критерийлері:

- бейнеролик дыбысы мен бейнесінің сапасы, көркемделуі;
- мазмұнының тақырыпқа сәйкестігі;
- қорғау шеберлігі;
- өзектілігі.

Марапаттау

Жеңімпаздар Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының атынан I, II, III дәрежелі дипломдарымен және мақтау қағаздарымен марапатталады.


*Сұраныс
(үлгі)*

Қосымша 1

| № | Оқушының аты-жөні, топтың аты | Облысы, қала, ауданы, мектебі, класы | Жұмыстың тақырыбы | Жетекшінің аты-жөні, ұялы телефоны. Білім беру ұйымының e-mail поштасы |
|---|-------------------------------|--------------------------------------|-------------------|--|
|---|-------------------------------|--------------------------------------|-------------------|--|



Видеороликтер байқауының жеңімпаздары





Қосымша білім беру педагогтарының жұмыс тәжірибесін жалпылау

Үйірме оқушылардың оқытылуы Ақтөбе қаласы білім бөлімінің сараптама кеңесінің бұйрығымен бекітілген үйірмелердің білім беру бағдарламалары бойынша өткізіледі. Бағдарламалар педагогтардың жұмыс тәжірибесін және қосымша материалдарды қолдана отырып құрылды. Стансаның туристік – экологиялық-өлкетану жұмыс бағыты бағдарламаларының жіктелуі бойынша бейімделген бағдарламалар болып саналады. Педагогтар, ұжымның білім беру қызмет ерекшелігін, бала топтарының құрылуын, жұмыс қызметінің орындалу тәртібін, оқыту және тәрбие беру жеке нәтижелігінің тұрақсыздығын ескере отырып, үйірме жұмысының бағдарламаларына өзгертулер және түзетулер енгізеді.

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ
«ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫ» МКҚК



**«Спорттық бағдарлау»
үйірмесінің бағдарламасы**

Ақтөбе - 2021 жыл

Түсінік хат

Қазіргі таңда спорттық - туристік білімді қалыптастыру үшін нақты, сарамандық көзделген іс- әрекет негізінде, әрбір адам өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезініп, оны қорғауға және сақтау мәселелеріне барлық көңіл бөлінген. Осындай мәселені шешу үшін балаларға қосымша білім беру потенциалы зор роль атқарады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорттық бағдарлау қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және сабақ барысында түрлі тапсырмаларды орындайтын (табиғат аясына саяхат арқылы спортпен шұғылдану) мектеп оқушылары биология, экология туралы, табиғат және табиғат құбылыстары туралы терең білім дағдыларын игереді. Сабақ процесінде жеткіншектердің сезімі, танымы, зерттеу дағдылары өсіп дамиды.

Өзектілігі: «Спорттық бағдарлау»

бағдарламасы үйірме білім алушыларының адам мен табиғаттың арасындағы жаңа қарым-қатынас типті қалыптастыру негізінде құрылған және балалардың экологиялық және спорттық танымын жоғары деңгейде қалыптастыру.

Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі: қосымша білім беру бағдарламасы – 1 жыл, оқу сағат саны: 144 сағат, 6-11 сынып оқушыларына арналған. Үйірме жұмысы аптасына 4 сағатқа құрастырылған.

Бағдарламаның білімділік мақсаты: Спорттық бағдарлау білімдерін кеңейту және тереңдету, оқушыларды белсенді білім алу дағдысына тарту, оқу-танымдық іскерліктері мен дағдыларын дамыту, ой-өрісін кеңейту.

1. Спорттық бағдарлауды бұқаралық спорт ретінде насихаттау .
2. Әркімнің өз денсаулығына, қоршаған ортаға жауапты болуы.
3. Әр жеке адамның және жалпы үлкен спорттық белестерді бағындыру мүмкіндігі екендігін және оның ресурстарын тиімді пайдалану дағдыларын үйрену.
4. Оқушылардың іс-әрекеттері экологияны жете түсінуге және проблемаларды шешуге көзделгені болуына көмектесу.

Бағдарламаның тәрбиелік мақсаты:

- қиын сәттерде дұрыс шешім қабылдауға;
- қоршаған табиғи ортасына тигізетін әсерін азайтып, қалдықтың аз пайда болуын үйрену;
- туған өлке табиғатына деген қызығушылықтарын арттыру;
- елімізбен қаламыздың экологиялық ахуалымен танысады, салауатты өмір салтына қалыптасады.

Бағдарламаның дамытушылық мақсаты: Оқушының жеке басының тұлғалық қалыптастыру кезеңі – өмірде өз орнын іздеумен, мамандық таңдауға талпынысымен ерекшеленеді. Оқушы арманы мол, қиялы қанатты мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдай туралы толғанысы кең шағы және адамгершілік, азаматтық, әсемдік, табиғатты қорғау, оны молайту туралы танымын тереңдету, патриоттық сезім арта түседі. Бастысы әр оқушы және ол өзі қоршаған ортаға әсер ететін жағдайларды зиянын төмендетуге үлесін қосады. Спорт арқылы өз туған өлкесін әлемге таныту жолдарын үйрету.

Бағдарлама бойынша жүргізілген сабақтардың нәтижесінде мектеп оқушылары жер бетіндегі Жеткіншектер экскурсия және жаттығу кезінде табиғатты бақылау, ажыратып үйренеді. Жарыстар, танымдық бағдарламалар, викториналар өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- Оқыту негізі спорттық – туристік білім беру;
- оқушылардың алған білімін жеңіл қабылдауы;
- жаттығу және жарыс кезінде өзін дұрыс ұстауды үйрену;
- қоршаған ортанын біртұтастығын танып білу;
- өлкетану бағытында білім алу.

Бағдарламаның ерекшелігі: Өткізілетін сабақтардың барысында балалармен жұмыс жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылады: тын жаттығулар үлгілерін үйрету, әңгімелесу, тестік жарыстарға қатысу т.б. Қызықты әдістер кеңінен пайдаланылады: кроссвордтар, жұмбақтар, биологиялық және шартты белгілер үйрету тақырыптар бойынша ойындар. Сабақтар мен жаттығу кезінде оқушының туған өлке табиғатына деген қызығушылық, табиғат дүниесін аялау, құрметтеу, оны көркейту және баптап күту сияқты сезімдері қалыптасады..

Оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда балалар жасы 11-17 жас аралығы, бұл аралықта оқушының белсенді іс - әрекеті оқушының ой жүйесінің, көңіл көкжиегінің кеңеюіне әсер етеді. Үлкен жетістіктерді өз қолымен жасай алатынына көзі жетіп, өзіне деген сенімі артады. Олар өзі жаттығулар мен жарыстар арқылы биік белестерді бағындыратындығына құштарлығын арттырудың бір жолы болып табылады.

Бағдарламаны іске асыру шарттары

Аталған бағдарламаны орындаумен қатар нәтижелі жұмыс атқару үшін төмендегідей материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қажет:

- сабақ жүргізетін оқу кабинеті және іс-шараларды өткізуге арналған залдар, тренажорлар,стадион;
- дорба;
- төсек-қап, каримат, төсеніш;
- шанду, күрке, фонарик, планшет;
- шатыр, қазан, күрек, тағанка, балта, ара;
- әр түрлі ұзындықтағы арқандар және бау;
- компас, фотоаппарат, болкнот, қарындаш, қалам;
- 1:1000000 және одан ірі көлемдегі туған өлкенің карталар жинағы;
- шаңғы.шаңғы роллерлері, үтік, мазь ,арнаулы станоктар.

Күтілетін нәтижелер:

Білім алушылардың практикалық қызметінің нәтижесі жасөспірімдер мен жастардың экологиялық тәрбие деңгейімен, салауатты өмір салтымен, туристік- спорттық шыңдалуымен, туристік тактикалық - техникалық шеберлігімен және күнделікті өмірдегі экологиялық салауатты жүріс-тұрыстарымен анықталады. Оқу жылы соңында үйірмеші еркін бағдарлауға, еркін шаңғыда тұру әдістерін меңгеруі керек.

Жарыстар, жаттығулар, викториналар өткізу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Сонымен қатар оқушыларды:

- саяхат жоспарын құру және жол бағыты жұмысын жүргізуге;
- байқағандарын белгілеп, жазып отыруға;

- қарапайым тәжірибелер жасап, жиналған материалдарды оқып, коллекция жинақтауға;
- ауа райын бақылауға және болжам жасауға;
- таныс емес жерлерді картаның, компастың көмегімен жергілікті заттардың сан алуан ерекшеліктерін, бағытын белгілеуге;
- шатыр құруға, алау жағуға, тамақ дайындауға, қарапайым туристік құралдарды әзірлеуге;
- қалалық, облыстық және республикалық жарыстарға қатыстыруға үйрету.

**«Спорттық бағдарлау» үйірмесінің бірінші оқу жылының
оқу -тақырыптық жоспары**

| № р/с | Тақырыптар атауы | сағат саны | | |
|----------|--|------------|-----------|-----------|
| | | барлығы | теория | практика |
| 1 | Кіріспе сабақ. Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулар. | 2 | 2 | |
| 2 | Бағдарлау спорттың бір түрі ретінде. | 6 | 6 | |
| 3 | Спорттық бағдарлау тарихы. | 8 | 8 | |
| 4 | Спорттық бағдарлау жарысының ережесі және спорттық бағдарлау педагогикасы. | 12 | 6 | 6 |
| 5 | Бағдарлау техникасы. | | | |
| | Картамен жұмыс істеу техникасын меңгеру. | 10 | 6 | 4 |
| | Компаспен жұмыс істеу техникасы. | 10 | 2 | 8 |
| | Бағдарлау техникасының элементтері. | 10 | | 10 |
| | Шаңғымен жүру техникасы. | 24 | 4 | 20 |
| 6 | Бағдарлаудағы спорттық жаттығу жүйесі. | | | |
| | Жалпы физикалық дайындық. | 10 | | 10 |
| | Тактикалық дайындық. | 10 | 6 | 4 |
| | Психологиялық дайындық. | 8 | 4 | 4 |
| | Моральді - ерікті дайындық. | 8 | 2 | 6 |
| 7 | Бағдарлаудағы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету. | 8 | 4 | 4 |
| 8 | Алғашқы медициналық көмек. | 6 | 2 | 4 |
| 9 | Бағдарлау бойынша әртүрлі жарыстар мен жаттығулар. | 12 | | 12 |
| | Барлығы: | 144 | 48 | 96 |

**«Спорттық бағдарлау» үйірмесінің бірінші оқу жылына
күнтізбелік - тақырыптық жоспары**

| № р/с | тақырыптар атауы | сағат саны | теор ия | практ ика |
|----------|--|---------------|------------|--------------|
| I | Кіріспе сабақ. Техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулар. | 2 | 2 | |
| 1 | Үйірме мүшелерін жылдық жоспармен таныстыру. | | 2 | |
| II | Бағдарлау спорттың бір түрі ретінде қалыптасуы. | 6 | 6 | |
| 1 | Кіріспе. Бағдарлау спорт ретінде қалыптасу кезені. | | 2 | |

| | | | | |
|-----|---|----|----|----|
| 2 | Бағдарлау білімін қалыптастырудағы танымжорықтың маңызы. Бағдарлау мен спорттық бағдарлау айырмашылығы. | | 2 | |
| 3 | Жорық кезіндегі өмір қауіпсіздігі. | | 2 | |
| III | Спорттық бағдарлау тарихы. | 8 | 4 | 4 |
| 1 | Бағдарлау дегеніміз не? Бағдарлудың даму тарихы. | | 2 | |
| 2 | Қарғалы өзені бойына саяхатқа шығу және өзен жағасын тазалау, экологиялық акция жүргізу. | | | 2 |
| 3 | Өрлеу ауылының картасын түсіруге алғышарт жасау | | | 2 |
| 4 | Қолда бар әдебиеттік және картографиялық материалдармен танысу. Туған өлкені бақылап көру, физикалық-географиялық сипаттау. | | 2 | |
| IV | Спорттық бағдарлау жарысының ережесі және спорттық бағдарлау педагогикасы. | 12 | 6 | 6 |
| 1 | Спорттық бағдарлау жарысының ережелерімен танысу | | 2 | |
| 2 | Бағдарлау қысқы ойындарға кірістірілген спорт. | | 2 | |
| 3 | Бақылау уақыты. Бақылау пункті. Бақылау карточкасы. Жарыс дистанциясы. Техникалық ақпараттар. | | 2 | |
| 4 | Бағдарлаудың адам өміріндегі маңызы. | | | 2 |
| 5 | Маркировкаланған трассада бағдарлау. | | | 2 |
| 6 | Спорттық бағдарлаудан үйірмешілер арасында практикалық жарыс | | | 2 |
| V | Бағдарлау техникасы. | 54 | 12 | 42 |
| 1 | Картамен жұмыс істеу техникасын меңгеру. | | | |
| 1.1 | Карта түсінігі. Спорттық карта. | | 2 | |
| 1.2 | Масштаб. | | 2 | |
| 1.3 | Спорттық картаның шартты белгілері. | | 2 | |
| 1.4 | Қарғалы ауданындағы биік нүктелер мен танысу. | | | 2 |
| 1.5 | Шартты белгілерді анықтауға арналған жаттығулар. | | | 2 |
| 2. | Компаспен жұмыс істеу техникасы. | | | |
| 2.1 | Қазақстандағы үздік бағдарлаушылары туралы мағлұмат жыйнақтау. | | 2 | |
| 2.2 | Компастың құрылысы, оны пайдалану. Азимут және оны анықтау. Жергілікті белгілер және күн бойынша көк жиекті анықтау. | | | 2 |
| 2.3 | Компаспен жұмыс: азимутты анықтау – уақытты тура және кері белгілеу. | | | 2 |
| 2.4 | Картадағы қашықтықты және бағытты өлшеу. | | | 2 |
| 2.5 | Қашықты көзбен өлшеу. | | | 2 |
| 3. | Бағдарлау техникасының элементтері. | | | |
| 3.1 | Картаны бағдарлау. | | | 2 |
| 3.2 | Жергілікті жердегі желілер, сызықтар бойынша картаны бағдарлау. | | | 2 |
| 3.3 | Компас бойынша картаны бағдарлау. | | | 2 |
| 3.4 | Картаны бағдарлауға арналған жаттығулар. | | | 2 |
| 3.5 | Картаны оқу жаттығулары. | | | 2 |
| 4. | Шаңғымен жүру техникасы. | | | |
| 4.1 | Мәре коридорындағы техникалық іс- әрекет. | | 2 | |
| 4.2 | Бағдарлау пунктінде және бағдарлау ауданындағы бағдарлаушының техникалық іс- әрекеті. | | 2 | |
| 4.3 | Берілген қашықтыққа дистанция сақтай отырып жүру. | | | 2 |

| | | | | |
|------|--|----|----|----|
| 4.4 | Шаңғыда тұру, құлау. | | | 2 |
| 4.5 | Шаңғымен жүру техникасы. | | | 2 |
| 4.6 | Шаңғы тебу тәсілдері. | | | 2 |
| 4.7 | Шаңғымен кедергілер арқылы өту. | | | 2 |
| 4.8 | Қысқы бағдарлау ерекшеліктері. | | | 2 |
| 4.9 | Шаңғымен табиғат аясына саяхат. | | | 4 |
| 4.1 | Шаңғымен түсу, көтерілу, кедергілер арқылы өту, қысқы | | | 4 |
| 0 | бағдарлау. | | | |
| ҮІ | Бағдарлаудағы спорттық жаттығу жүйесі. Соның ішінде: | 36 | 12 | 24 |
| 1 | Жалпы физикалық дайындық. | | | |
| 1.1 | Жарыс жаттығулары. | | | 2 |
| 1.2 | Арнайы дайындық жаттығулары. | | | 2 |
| 1.3 | Жалпы дайындық жаттығулары. | | | 2 |
| 1.4 | Ойын әдістері. | | | 2 |
| 1.5 | Жаттығу жүктемелерінің компоненттері. | | | 2 |
| 2 | Тактикалық дайындық. | | | |
| 2.1 | Жол таңдау тактикасы. | | 2 | |
| 2.2 | Картографиялық факторлар. | | 2 | |
| 2.3 | Жергілікті жердің ерекшеліктері. | | 2 | |
| 2.4 | Дистанциялар бойынша қозғалыс жылдамдығы. | | | 2 |
| 2.5 | Тактикалық жаттығулар. | | | 2 |
| 3. | Психологиялық дайындық. | | | |
| 3.1 | Жарыс алдындағы бағдарлаушының жай- күйі және ретке келтіру әдістері. | | 2 | |
| 3.2 | Бағдарлаушының дистанциядағы эмоциялық және психикалық жағдайы. | | 2 | |
| 3.3 | Психологиялық тест. | | | 2 |
| 3.4 | Арнайы жаттығулар. | | | 2 |
| 4 | Мотивациялық- ерікті дайындық. | | | |
| 4.1 | Интеллектуалды дайындық. | | 2 | |
| 4.2 | Бағдарлаушының логикалық икемділігін дамыту тәсілдері. | | | 2 |
| 4.3 | Есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар. | | | 2 |
| 4.4 | Спортшылармен арнайы жеке жаттығулар. | | | 2 |
| ҮІІ | Экологиялық құрылым, тірі ағзалар популяциясы. | 8 | 4 | 4 |
| 1 | Экожүйе. Экожүйе динамикасы | | 2 | |
| 2. | Жұлдыздарға саяхат - аспан денелерін оқып , үйрену | | 2 | |
| 3. | Жер асты суы және оларды зерттеу | | | 2 |
| 4. | Тірі ағзалардың жер қабықтарына әсері | | | 2 |
| ҮІІІ | Алғашқы медициналық көмек. | 6 | 2 | 4 |
| 1. | Туған өлке бойынша жүргізілетін жорықтарда болуы мүмкін жарақаттар, жарақаттанған жағдайларда көмек көрсету. | | 2 | |
| 2. | Жарақаттанған адамды тасымалдау әдістері. | | | 2 |
| 3. | Денеді түрлі жаралар мен сынықтар болған жағдайда алғашқы көмек көрсету тәжірибелері. | | | 2 |
| ІХ | Бағдарлау бойынша әртүрлі жарыстар мен жаттығулар. | 12 | | 12 |
| 1. | Жабық бөлме жағдайында бағдарлау бойынша жарыстар. | | | 4 |
| 2. | Спорттық лабиринт. | | | 2 |

| | | | | |
|----|------------------------------------|-----|----|----|
| 3. | Еске сақтау бойынша бағдарлау. | | | 4 |
| 4. | Белгілі бір бағытқа қортынды жорық | | | 2 |
| | Барлығы: | 144 | 48 | 96 |

«Спорттық бағдарлау» үйірме бағдарламасының мазмұны

Тақырып 1. Кіріспе сабақ. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері. Үйірмешілерге берілетін разрядтар мен атақтар. Сабақтың мерзімділігі. Сабақты бастау үшін қажетті керек-жарақтар, киімдер мен аяқ киімдер. Техника қауіпсіздігі жөніндегі кіріспе нұсқаулар.

Тақырып 2. Бағдарлау спорттың бір түрі ретінде. Бағдарлау түсінігі. Бағдарлау мен спорттық бағдарлау айырмашылығы. Спорттық бағдарлаудың құрал-жабдықтары. Бағдарлау түрлері. Бағдарламаның ерекше түрі – спорттық бағдарлау. Ол өзінің тұрған жерін анықтаумен қатар, жүретін жергілікті жердегі, жылдам қозғалу түріндегі түрлі спорттық жарыстарды біріктіретін спорт түрі. Жасөспірімдерді жылдамдыққа, шымырлыққа, төзімділікке, тез шешім қабылдауға айналаны бағдарлауға үйретеді. Жарысқа бағдарлауға қатысушылардың негізгі міндеттері ірі масштабтағы картаны мен компосты пайдалана отырып бақылау пунктерден жүріп өту.

Тақырып 3. Спорттық бағдарлау тарихы.

Спорттық бағдарлау тарихы және қазіргі таңда дамуы. (8 сағат)

Бағдарлау спорт түрі пайда болуы XIX ғасырдың соңына, Швеция, Норвегия, Ұлыбритания әскери гарнизоналары арасындағы сайыстар өткізіліп жүрген кездеріне жатады. Нағыз осы заманғы бағдарлау бойынша жарыстардың туылуы 1918 жылы пайда болды. 1934 жылдары спорттық бағдарлау Швейцария, ССРО және Венгрияда кең тарады. 1946 жылы Бағдарлаушылардың Скандинавиялық Комитеті құрылып, 1949 жылдың мамырында Шведтік Бағдарлау Қауымдастығымен Сандвикенада он бір ел қатысуымен Халықаралық Конференция өткізілді. 1960 жылы Стокгольм аумағында Ашық халықаралық жарыс өткізіліп, жеті елді тартты. 1961 жылдың 21 мамырында Копенгагенадағы конгресте спорттық бағдарлаудың Халықаралық Федерациясы негізделді. Федерацияның бірінші мүшелері 10 еуропалық елдер болды.

Қазіргі таңда Қазақстанда спорттық бағдарлау ойыны қарқынды дамып келеді. Әсіресе Батыс Қазақстан Облыстық балалар жасөспірімдер туризмі және экология орталығы қарқанды жұмыс жүргізіп келеді. 2013 жылғы 1 қазаны спорттық бағдарлау бөлімі құрылды. Аз уақыт ішінде жеңіс туын бірнеше рет желбіретті.

Тақырып 4. Спорттық бағдарлау жарысының ережесі және спорттық бағдарлау педагогикасы. Жарыс ережесі. Жарыс өтетін аудан. Жарыс дистанциясы. Техникалық ақпараттар. Бақылау уақыты. Спорттық карта. Бақылау пункті. Бақылау карточкасы. Белгіленген бағыт бойынша бағдарлау. Белгіленген трассада бағдарлау. Таңдау бойынша бағдарлау. Шаңғымен спорттық бағдарлау. Түнгі бағдарлау. Спорттық бағдарлаудың оқушылар өміріндегі маңызы. Спорттық бағдарлау педагогикасы. Практикалық сабақ: Белгіленген бағыт бойынша бағдарлау. Белгіленген трассада бағдарлау. Таңдау бойынша бағдарлау.

Тақырып 5. Бағдарлау техникасы.

Картамен жұмыс істеу техникасын меңгеру. Карта түсінігі. Спорттық карта. Масштаб. Спорттық бағдарлау карталары. Спорттық картаның шартты белгілері. Өсімдік жамылғысы. Гидрография. Қолдан жасалған объектілер. Рельеф. Дистанция белгілері. Практикалық сабақ. Масштабты анықтауға арналған жаттығулар. Шартты белгілерді анықтауға арналған жаттығулар.

Компаспен жұмыс істеу техникасы. Компастың құрылысы, оны пайдалану. Азимут және оны анықтау. Жергілікті белгілер және күн бойынша көк жиекті анықтау. Туған өлкенің түрлі табиғат аймақтарындағы бағдарлау ерекшеліктері. Практикалық сабақ. Жергілікті белгілер және күн бойынша көк жиекті анықтау. Компаспен жұмыс: азимутты анықтау – уақытты тура және кері белгілеу. Картаны компас бойынша бағдарлау. Қашықты көзбен өлшеу. Туған өлкенің топографиялық картасын оқу, масштабы 1:500000 және одан аз. Картадағы қашықтықты және бағытты өлшеу. Топографиялық жаттығу жазу.

Бағдарлау техникасының элементтері. Картаны бағдарлау. Жергілікті жердегі желілер, сызықтар бойынша картаны бағдарлау. Бағдарға бағыттау бойынша картаны бағдарлау. Компас бойынша картаны бағдарлау. Картаны оқу. Бағытты анықтау және бақылау. Қашықтықты анықтау тәсілдері. Жол таңдау. Практикалық сабақ. Картаны бағдарлауға арналған жаттығулар. Картаны оқу жаттығулары. Бағытты бақылау жаттығулары. Қашықтықты анықтау тәсілдеріне арналған жаттығулар.

Шаңғымен жүру техникасы. Мәре коридорындағы техникалық іс-әрекет. Бағдарлау пунктінде және бағдарлау ауданындағы бағдарлаушының техникалық іс-әрекеті. Жүгіру техникасы. Шаңғымен жүру техникасы. Шаңғы тебу тәсілдері.

Тақырып 6. Бағдарлаудағы спорттық жаттығу жүйесі.

Жалпы физикалық дайындық. Жарыс жаттығулары. Арнайы дайындық жаттығулары. Жалпы дайындық жаттығулары. Спорттық жаттығу әдістері. Қатаң тәртіпті жаттығулар әдістері. Ойын әдістері. Жаттығу және жарыс алдындағы жүктемелер. Жаттығу және жарыс алдындағы жүктемелер көрсеткіші. Жаттығу жүктемелерінің компоненттері. Спорттық жаттығу принциптері. Төзімділік. Күш. Жылдамдық. Ептілік. Иілгіштік. Практикалық сабақ. Физикалық және техникалық жаттығулар.

Тактикалық дайындық. Тактикалық жаттығу. Жол таңдау тактикасы. Картографиялық факторлар. Жергілікті жердің ерекшеліктері. Техникалық факторлар. Физиологиялық факторлар. Дистанциялар бойынша қозғалыс жылдамдығы. Практикалық сабақ. Тактикалық жаттығулар.

Психологиялық дайындық. Жарыс алдындағы бағдарлаушының жай-күйі және ретке келтіру әдістері. Бағдарлаушының дистанциядағы эмоциялық және психикалық жағдайы. Мақсат және жігерлендіру. Практикалық сабақ. Психологиялық тест. Арнайы жаттығулар. Мотивациялық-ерікті дайындық. Интеллектуалды дайындық. Бағдарлаушының интеллектуалды икемділігін дамыту тәсілдері. Моральді-ерікті дайындық. Практикалық сабақ. Есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар. Арнайы жаттығулар. Түрлі белді спортшылар мен үнемі іс-тәжірибе алмасу.

Тақырып 7. Бағдарлаудағы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету. Картадағы жүгіруге болмайтын аудандар. Жарыс ауданындағы қауіпті орындар және оларды айналып өту. Командаларды және қатысушыларды жарыс ауданындағы нашар экологиялық жағдай және су қоймаларының ішуге, суға түсуге жарамсыздығы, қауіпті зиянкестер мен жәндіктер болуы жөнінде хабардар ету. Жарыс ауданының кейбір учаскелерінен өткен кезде қауіпсіздік шараларын сақтау. Практикалық сабақ. Бағдарлаушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйрету. Дистанцияда адасып қалғанда жол табу тәсілдері. Күнге, айға, жұлдыздарға қарап көкжиек тұстарын табу.

Тақырып 8. Алғашқы медициналық көмек. Бағдарлау спорты өте белсенді спорт түрі болғандықтан жарақаттану қауіпі өте жоғары болып тұр. Туған өлке бойынша жүргізілетін жорықтарда болуы мүмкін жарақаттар, жарақаттанған жағдайларда көмек көрсету. Жарақаттанған адамды тасымалдау ережелері. Практикалық сабақ. Денеде түрлі жаралар мен сынықтар болған жағдайда алғашқы көмек көрсету тәжірибелері. Реанимация тәсілдері. Жарақаттанған адамды қолмен, зеңбілмен тасымалдау. Киім бөлшектерінен зеңбіл құрастыру.

Тақырып 9. Бағдарлау бойынша әртүрлі жарыстар мен жаттығулар. Жабық бөлме жағдайында бағдарлау бойынша жарыстар. Карта құру. Спорт залды дайындау және дистанцияны жоспарлау. Ұзақ қашықтыққа жүгіртіп үйрету. Залдағы бағдарлау техникасы. Бағдарлау эстафеталары. Түнгі бағдарлау бойынша командалық жарыстар. «Москвалық лабиринт», «Ориент-шоу», лабиринт ойындар, картасыз бағдарлау. Практикалық сабақ. Бағдарлау бойынша ойындар: «Еске сақтау бойынша спринт», «Азимутальді маршрут», «Көрсетілген маршрут бойынша қозғалыс», «Көп күндік бағдарлау» рогейн. Сонымен қатар оқу жылының соңында белгілі бір бағытқа қортынды жорық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бардин К.В. Азбука туризма. Пособие для руководителей туристских походов в школе. - М.: «Просвещение», 1973 г.
2. Ылымы- әдістемелік журнал «Соқпақ- топинка» 2006- 2017 ж.ж.
3. Жездыбаев Т.К. Школьный туризм и краеведение РК. – Алматы, 2001 ж.
4. Куликов В.М., Константинов Ю.С. Топография и ориентирование в туристском путешествии.- М., 1997 г.
5. Куликов В.М., Ротштейн Л.М. Школа туристских вожаков: Учеб.- метод. пособие- М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 1999 г.
6. Мазбаев О.Б. Туризм және өлкетану негіздері: Оқу құралдары /О.Б. Мазбаев, Б.Н. Атейбеков, Б.К. Асубаев.- Алматы: Каз ҰПУ, 2006 ж.
7. Маслов А.Г., Константинов Ю.С., Дрогов И.А. Полевые туристские лагеря.- М.: «Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 2000 г.
8. Туризм и спортивное ориентирование. Учеб. Для ин-тов и тех- мов физ. Культ./ Сост. Ганопольский В.И.- М.: Физкультура и спорт, 1987 г.
9. Караганда ОО “Экообраз”. Рабочая тетрадь хрестоматия по экологии 5-6 класс “Дом, в котором я живу”.

ТҮСІНІК ХАТ

«АКТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ
«ҚАЛАЛЫҚ ЖАС ТУРИСТЕР СТАНСАСЫ» МККК



«Әдеби өлкетану» үйірмесінің бағдарламасы

Ақтөбе - 2021 жыл

«Әдеби өлкетану» үйірмесінің бағдарламасы білім алушылардың туған халқының тілі мен әдебиетіне деген танымдық қызығушылығын арттыруға, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған тұлғалар туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Үйірме жұмысы білім алушылардың шығармашылық бастамасын дамытуға, оның еркіндігін қалыптастыруға, өз бетінше ізденуге тұлғалық бағыттау болып табылады. Үйірменің негізгі мақсаты – білім алушылардың туған халқының тілі мен әдебиетіне деген танымдық қызығушылығын арттыру, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған тұлғалар туралы білімдерін кеңейту, өскен өңіріне, туған жеріне деген сүйіспеншілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады.

Міндеттері:

- жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын оқу арқылы эстетикалық көрнекті талғамдарын, туған жерге деген шексіз құрмет сезімін дамыту;
- ұлттық болмыстың өзегін сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту;
- тіліміз бен әдебиетіміз, ұлттық құндылықтарымызды білім алушылардың бойында мәңгі сақтау;
- білім алушылардың көркем шығармаларды оқуға, түсінуге өз көзқарасын негіздей отырып үйрену;
- жазба және ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту;
- адамгершілік қасиеті мен рухани дүниесін байыту

Оқытудың түрлері:

- Эссе
- Әңгіме
- Пікірталас
- Шағын шығарма

- Жорық және экскурсиялар
- Жарыстар мен викториналар

Бағдарлама екі оқу жылына есептелген. Бірінші оқу жылына 144 сағат, екінші оқу жылына 216 сағатқа есептелген. Білім алушылар 5-7 сынып оқушылары.

Оқушылардың білім сапасын бағалау түрлері:

тест жұмыстары, сұрақ-жауап, мәнжазба, қорытынды сынақ арқылы бағалау жүргізіледі.

Бағдарламаның іске асыру шарттары:

- Экскурсиялар;
- Саяхаттар;
- Жорықтар;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу;

Қорытынды бақылау мынадай түрлері жүргізіледі:

- ашық сабақ;
- шығармашылық есеп;
- тест, бақылау жұмыстары;
- сайыстарға қатысу;

2 оқу жылын аяқтаған білім алушыларға сертификат табысталады.

Бағдарламаны іске асыру шарттары:

Аталған бағдарламаны орындаумен қатар жемісті жұмыс атқару үшін төмендегідей материалдық жағынан қамтамасыз ету қажет:

- сабақ өткізуге арналған оқу кабинеті;
- ғылыми әдістемелік өнімдер: кітаптар, журналдар, газеттер;
- сабаққа қажетті көрнекілік құралдар: слайд, плакаттар т.б.
